Бекітемін
«Нұрай» мектепке дейінгі
шағын орталық» жеке мекемесінің
меңгерушісі
___________Э.Қ.Ағабекова
№1 педагогикалық кеңесте

**«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталығының 2022 – 2023 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру жұмысының**

# ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

## МАЗМҰНЫ

**1. Ақпараттық мәлімет**
Жалпы мәлімет (мектепке дейінгі ұйым туралы)
Талдау (өткен оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы мәлімет)
**2. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру**
-«Дене шынықтыру»
-режимдік сәттер
-денсаулық күндері
-ермектер, спорттық ойындар
-жүйелі пайдалы тамақтануды ұйымдастыру
-медициналық-педагогикалық бақылау
**3. Кадрлармен жұмыс**
Педагогикалық кадрлардың негізгі құрамы
Педагогтерді аттестаттаудан өткізу
Біліктілікті арттыру
Жас мамандармен жұмыс
**4. Білім беру процесін ұйымдастыру**
Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері
Ертеңгіліктер, ермектер, спорттық ойындар
Байқаулар, Көрмелер
Педагогикалық кеңестер
Әдістемелік кеңестер
Өндірістік кеңес
Меңгеруші жанындағы кеңес
Нұсқау өткізу
Семинарлар (практикалық, теориялық)
Қауіпсіздік мектебінің жұмыс жоспары

**5. Әлеуметпен жұмыс**
Ата-аналармен өзара ықпалдастық
Мектеппен сабақтастық

**Бақылау және басшылық**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Зан https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293
«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_
Мектепкедейінгі тәрбиелеу меноқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137
«Мектепкедейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469
«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669
Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657 Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227 Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_ Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_ Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584
Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейне бақылау жүйелерім жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239
Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883
Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық» жеке мекемесінің орналасқан жері

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-1 м/а, Жандосов көшесі 14 үй, тел: 27-83-63

Проект бойынша қуаты – 91 бала
Балалар саны – 91

Жасы бойынша топтау және толықтыру.

| № | Топ аттары | Жасы | Балалардың саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Күн» кіші тобы | кіші топ – 2 жастағы балалар | 20 |
| 2 | «Балапан» кіші тобы | кіші топ – 2 жастағы балалар | 21 |
| 3 | «Ботақан» ересек тобы | Ересек топ – 4 жастағы балалар | 25 |
| 4 | «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы | Мектепалды топ, мектептегі – 5 жастағы балалар | 25 |
| | | | |
| Барлығы | 4 топ | 1-5 | 91 |

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық» жеке мекемесі ғимаратта орналасқан. Корпустарда топтың бөлмелері; ойын бөлмесі, жатын бөлме, қабылдау бөлмесі, дәретхана, қабылдау бөлмесі, меңгеруші, әдіскер, есепші, медициналық; емшара кабинеті, оқшаулау (изолятор), психолог, шаруашылық меңгерушісі, қоймашы, пән мұғалімінің кабинеттері, ән-күй, дене тәрбиесі, хореграфия залы, асхана; дайындау цехы, тарату бөлмесі, ас үй ыдыстарын жуу бөлмесі, салқындату камерасы, құрғақ азық-түлік қоймасы, көкөністер қоймасы, кір жуатын бөлме; үтіктеу бөлмелері, таза төсек әбзелдердің бөлмесі бар. Бөлмелер заманауи талаптарға сай жабдықталған. Балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға толық мүмкіндік жасалған. Әр топқа сай алаң бар. Ойын алаңы безендірілген және қажетті ойын құралдарымен жабдықталған. Қимылды ойындардың өтілуіне сай мүмкіндіктер жасалынған. Балабақша айналасы газондандырылған, көгалдандырылған және қоршалған. (бақша туралы, өткен оқу жылда атқарған жұмыстар мен проблемалары шешеу жолдары туралы қысқаша мәлімет)

**Миссиясы:**
балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау

**Басым бағыттары:**
- денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету;
- балаларды қызықты ойын түрінде білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту;
- жаңартылған білім беру мазмұны аясында мектепке дейінгі ұйымның білім сапасын арттыру;
- әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік, когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

**Күтілетін нәтиже:**

денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығы қорғала отырып салауатты өмір салты қалыптасады;
балаларды қызықты ойын түрінде білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту бағыты дамиды;
жаңартылған білім беру мазмұны аясында мектепке дейінгі ұйымның білім сапасы артады;
әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік, когнитивтік және қарым-қатынас дағдылары дамиды.

## 2. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Мақсаты:** денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы балалардың физикалық, психикалық денсаулығын қорғау және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету және медициналық-педагогикалық бақылау

| Тақырыбы | Негізгі қызметтердің мазмұны | Орындалу мерзімі | Жауаптылар | Қайда қаралады |
|---|---|---|---|---|
| **«Дене шынықтыру»** | Дене шынықтыру Үлгілік оқу жоспарына және кестесіне сәйкес өткізу. | кестеге сәйкес | Меңгеруші, әдіскер | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| **Режимдік сәттер**<br>Таңертеңгілік жаттығу<br>Сергіту сәттері<br>Таза ауадағы серуен<br>Тамақтау сәті<br>Ұйқыдан кейінгі гимнастика | **Жас мамандарды жеке бақылау** – бағдарлама бойынша түсінбеген сұрақтарға әдістемелік сүйемелдеу жасау.<br>**Тақырыптық бақылау** – негізгі қимыл түрлерін игеруі, қимыл-қозғалыс тәжірибесінің қалыптасуы, ұлттық қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды игеруі, шығармашылық қабілеттері, командада өзара әрекеттесу дағдыларының дамуы<br>**Шұғыл бақылау** – тамақтану барысындағы мәдени-гигиеналық дағдылардың қалыптасуы<br>**Салыстырмалы бақылау** – әдістердің дұрыс қолданылуы, балардың меңгеру деңгейі<br>**Қорытынды бақылау** – атқарылған жұмыстардың жылдық қорытындысы | Қажетіне қарай<br><br>Қыркүйек-Қазан<br><br>Үнемі<br><br>Мамыр | Меңгеруші, әдіскер, медбике | Меңгеруші жанындағы кеңес |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Денсаулық күндері** | Жас ерекшелік топтарына сәйкес денсаулық сақтау және нығайту шараларын ұйымдастыру | | Барлық топ тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, медбике | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| - ермектер | | 2 айда 1 рет | | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| -спорттық ойындар | | жылына 2 рет қыста, жазда | Барлық топ тәрбиешілері | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| -жүйелі пайдалы тамақтануды ұйымдастыру | Тағам өнімдерінің қауіпсіздігін растайтын сертификаттардың болуы | үнемі | Шаруашылық меңгерушісі, мейірбике | Өндірістік кеңес |
| | Тағам өнімдерін аспаздық өңдеу жөніндегі санитарлық талаптардың орындалуы | үнемі | Мейірбике, аспазшылар | Өндірістік кеңес |
| | Баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісін қалыпты дұрыс өсуі үшін тағам сапасын күшейту, онкүндік мәзірді құру | үнемі | Меңгеруші, медбике, қоймашы | Өндірістік кеңес |
| -медициналық-педагогикалық бақылау | Б/б қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақтылы өтіп тұруларын бақылау | үнемі | Медбике | Өндірістік кеңес |
| | «Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарын күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесінің сақталуы | үнемі | Медбике, пед. ұжым | Өндірістік кеңес |
| | Медбике жоспарын құру және жүзеге асуын қадағалау | үнемі | Медбике | Өндірістік кеңес |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Бракераждық журналды жүргізу | үнемі | Медбике | Өндірістік кеңес |
| | Балалар қатысуы мен аурулары бойынша сараптама жасау | үнемі | Медбике | Өндірістік кеңес |
| | **Күнделікті бақылау:** Балалардың тамақтану процесінің ұйымдастырылуын қадағау | үнемі, 3 ай сайын қазан, қаңтар, сәуір, маусым | Медбике | Өндірістік кеңес |
| | **Әкімшілік бақылау-** балалардың денсаулық көрсеткішін саралау | үнемі | Медбике | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| | Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік ережелерін сақтаужөніндегі нұсқаулық | маусымдық нұсқау | Меңгеруші, медбике | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| | Балалардың бой-салмақ көрсеткіштері (антропометрия) | жылына 2 рет | Медбике, топ тәрбиешілері | Өндірістік кеңес |

## 3. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

### 3.1. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМЫ

| № | Аты-жөні, тегі | Туған жылы, айы | Ұлты | Қызметі | Білімі | Қандай оқу орнын бітірді, қашан ? | Диплом бойынша мамандығы | Өтілі | | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Жалпы өтілі | Пед өтілі | |
| | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 1 | Ағабекова Эльниса Қуанышбекқызы | 15.09.1969ж | қазақ | Меңгеруші | Жоғары | ОҚПУ 2011ж, | Бастауыш оқытудың педагогикасы ж/е әдістемесі | 25 | 12,2 | --- |
| 2 | Бекбауова Улпан Адбиразаққызы | 07.12.1976ж | қазақ | әдіскер | Жоғары | ОҚМУ 1998ж | Дене тәрбиесі және бастауыш оқыту әдістемесі | 17,5 | 14,4 | 1 |
| 3 | Альжанова Мейрамкүл Шалғымбайқызы | 06.03.1975ж | қазақ | Тәрбиеші | Жоғары | ОҚМУ 2006ж | Бастауыш мұғалімі | 19,1 | 11,4 | 1 |
| 4 | Сүлейменова Жанар Куатбековна | 18.03.1983ж | қазақ | Тәрбиеші | Жоғары | ШӘПУ 2005ж | Бастауыш оқыту әдістемесі | 11,10 | 11,10 | 1 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Есимханова Лаззат Омиралиевна | 08.08.1970ж | қазақ | тәрбиеші | Жоғары | ШӘПУ 2005ж | Бастауыш сыныптар мұғалімі | 12,10 | 7,7 | - |
| 6 | Лес Салтанат Болатқызы | 27.08.1981ж | қазақ | Тәрбиеші | Орта арнаулы | ҚГК | Бастауыш сыныптар мұғалімі | 15 | 3,2 | --- |
| 7 | Шекербекова Ақмарал Еркінқызы | 21.05.1986ж | қазақ | Тәрбиеші | Жоғары | АӘИУ 2014ж | Бастауыш оқытудың педагогикасы ж/е әдістемесі | 8,9 | 7,3 | --- |
| 8 | Онжигитова Айнұр Бакитовна | 14.12.1988ж | қазақ | Тәрбиеші | Жоғары | ОҚГИ 2013ж | Бастауыш оқытудың педагогикасы ж/е әдістемесі | 9,2 | 9,2 | 2 |
| 9 | Джунусова Салтанат Дүйсенбакытовна | 10.09.1992ж | қазақ | Хореограф | Жоғары | КазНу 2013ж | Хореография | 5,2 | 5,2 | --- |
| 10 | Турдыкулова Салтанат Рахымқызы | 27.03.1996ж | қазақ | Педагог-психолог | Жоғары | Аймақтық әлеуметтік иновациялық университет 2017 ж | Педагогика-психология | 2,2 | 2,2 | -- |

## 3.1.2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМЫ

| № | Топтар | Жауапты тәрбиеші және (көмекшісі) | Қызметі |
|---|---|---|---|
| 1 | «Күн» кіші топ | Шекербекова А.<br>Онғарбаева Н. | тәрбиеші<br>тәрбиеші көмекші |
| 2 | «Балапан» кіші топ | Лес Салтанат<br>Доматова Г.И. | тәрбиеші<br>тәрбиеші көмекші |
| 3 | «Ботақан» ересек тобы | Альжанова М.Ш.<br>Есімханова Л.<br>Құрмашева А. | тәрбиеші<br>тәрбиеші<br>тәрбиеші көмекші |
| 4 | «Қарлығаш» мектепалды даярлык тобы | Сулейменова Ж.Қ.<br>Онжігітова А.Б.<br>Сулейменова Б. | тәрбиеші<br>тәрбиеші<br>тәрбиеші көмекші |

## 3.2. ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ

| қ/с | Жұмыс мазмұны | Уақыты | Жауапты | Қайда қаралады |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Балабақша бойынша сараптамалық кеңестің құрамын құру бұйрық шығару | Тамыз | Меңгеруші, әдіскер | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| 2 | Аттестаттауға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің тізімін жасау және бекіту. | Қыркүйек | Аттестаттау комис. төрайымы | |
| 3 | «Аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту» туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы. бұйрығымен таныстыру, кеңес беру. | Қыркүйек | Аттестат. комиссиясы | |
| | «Әдістемелік аттестациялау мәселелері бойынша нұсқаулар» тақырыбында теориялық семинарларды ұйымдастыру | Үнемі | Әдіскер | |
| 4 | Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест) дайындық кезінде әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсету | Үнемі | Әдіскер | |
| 5 | **Сараптау комиссияның жұмысы:**<br>а) аттестатталушы педагог-тәрбиешілермен сұқпаттасу;<br>ә) бірінші кезең – біліктілік тестілеуден өту;<br>б) шығармашылық есебін тыңдау;<br>Нәтиже: аттестатталушының шығармашылық папкасы. | Қыркүйек -караша-қаңтар | Сараптау комиссиясы | |
| 6 | **Сараптау комиссияның жұмысы:**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу;<br>Іс-құжаттар папкаларымен танысу;<br>Аттестаттау парағын толтыру;<br>Аттестатталушыны аттестаттау материалымен таныстыру;<br>Сараптау комиссияның қорытынды отырысы (аттестатталушы педагог-тәрбиеші туралы қорытынды шешім қабылдау) | Оқу жылы барысында<br><br>желтоқсан –наурыз | Сараптау комиссиясы | |
| 7 | Келесі аттестатциядан өтетін педагогтарды анықтап, өтініш, жеке куәлік көшірмесін алу және деректер базасына енгізу, біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагог портфолиосын қабылдау-табыстау актісі бойынша материалдарды сараптамалық кеңеске жылына екі рет өткізеді. | ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы | Аттестаттау комиссиясы | |

## 3.3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

### Кадрлардың біліктілігін арттыру және аттестаттау кестесі

| № | Педагогтың аты-жөні | Лауазымы | Соңғы өткен жылы | | Білімді қайта көтеру, аттестациядан өту | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Аттес. | Курс. | 2022ж | 2023ж | 2024ж | 2025ж | 2026ж |
| 1 | Ағабекова Эльниса Қуанышбекқызы | Меңгеруші | | | К | | | | |
| 2 | Бекбауова Улпан Адбиразаққызы | Әдіскер | | Шымкент қ 2019ж «Білім сапа академиясы» оқу орталығы | | | К | | |
| 3 | Альжанова Мейрамкүл Шалғымбайқызы | Тәрбиеші | | "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы №0231758 2018ж | | К | | | |
| 4 | Сүлейменова Жанар Куатбековна | Тәрбиеші | | "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы №0231774 2018ж | | К | | | |
| 5 | Есимханова Лаззат Омиралиевна | Тәрбиеші | | "Білім сапа" оқыту орталығы №0000244 2019ж | | | К | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Лес Салтанат Болатқызы | Тәрбиеші | | Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АО №0395046 2020ж | | | | К | |
| 7 | Шекербекова Ақмарал Еркінқызы | Тәрбиеші | | "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АО №0395054 2020ж | | | | К | |
| 8 | Онжигитова Айнұр Бакитовна | Тәрбиеші | | "Білім сапа" оқыту орталығы №0000141 2019ж | | | К | | |
| 9 | Джунусова Салтанат Дүйсенбакытовна | хореограф | | | К | | | | |
| 10 | Турдыкулова Салтанат Рахымқызы | Педагог – психолог | | | К | | | | |

## 3.4. ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

**Мақсаты**: тәжірибелік көмек көрсету, жас маманға білімін жетілдіру мәселелері бойынша теориялық және практикалық білімді беруге көмектесу және оның сапасын арттыру.

**Міндеттері:**

- жас маманның білім беруді үздіксіз процесс ретінде жалғастыруын дағдыландыру, білім берудің жаңа түрлерін меңгеру, әдіс-тәсілдерімен оқыту және тәрбиелеу;
- шығармашылық жұмысының жеке стилін; нақты білімді және іскерлікті қолдану теориясын практикада қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

- тәрбие мен оқу қызметін жоспарлай білу, жеке, сондай-ақ тәрбиеленуші, негізінде шығармашылық іздену арқылы өз бетімен білім алу;
- жас педагог ретінде тәрбиешінің кәсіби маман қалыптасуы;
- тәрбиешінің әдістемелік, интеллектуалды мәдениетін арттыру;
- тәрбиеленушілердің білімін бақылау мен бағалаудың, жүйесін меңгерту.

| № | Негізгі іс-әрекет мазмұны | Мерзімі | Жауапты | Қайда қаралады |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жас педагогтардың тізімін алу, сапалық құрамын анықтау. Жас мамандарға көмек көрсету мақсатында тәлімгер – ұстаз тағайындау және жасмамандармен жұмыс жоспарын құру | Тамыз | Әдіскер | Әдістемелік кеңес |
| 2 | Тәлімгердің жас маманмен жүргізілетін жұмыс жоспарын құру, бекіту. | Қыркүйек | Әдіскер | Меңгеруші жанындағы кеңес |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелерімен таныстыру | Қыркүйек | Әдіскер | Әдістемелік кеңес |
| 4 | Жас мамандарға бағыт- бағдар беру және әдістемелік сүйемелдеу:<br>«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары.<br>*ҚазақстанРеспубликасыБілімжәнеғылым министрінің2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы*;<br>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларыҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2020 № 412 бұйрығы;<br>Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 бұйрығы;<br>«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 09.07.2021 ДСМ-59;<br>Перспективалық жоспарды, циклограмманы жазу үлгісімен таныстыру, әдістемелік көмек беру;<br>Мониторинг жүргізу жолдарымен таныстыру, әдістемелік көмек беру;<br>Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері;<br>Жобалық іс-әрекет арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары, жобамен жұмыс;<br><br>«Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралыҚазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы № 645 қаулысымен таныстыру;<br>Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен таныстыру. | Қыркүйек, қазан | Тәлімгер | Әдістемелік кеңес |
| 5 | Балаларды тәрбиелеу мен оқыту әдістемесін меңгерту туралы көмек көрсету | Үнемі | Тәлімгер | Әдістемелік кеңес |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | Жас мамандардың педагогикалық шеберлігін, белсенділігін дәлелдеу:<br>өз білімін жетілдіру жоспарымен жұмыс жасау;<br>балабақша ішілік ашық ұйымдастырылған оқу қызметін көрсету арқылы, өз тәжірибесімен бөлісу. | Қазан-сәуір | Тәлімгер | Әдістемелік кеңес |
| 7 | Ата-аналармен жұмыс жасау жолдарын қарастыру, дамытушы аймақтарын зерттеу | Үнемі | Тәлімгер | Әдістемелік кеңес |
| 8 | Оқытудың техникалық құралдарын және көрнекі құралдарын пайдалануды үйрену | Қараша | Тәлімгер | Әдістемелік кеңес |
| 9 | «Мен маман ретінде қалыптасуымда қандай проблемаларға кезіктім және оны қалай шештім» сауалнама | Мамыр | Әдіскер | Әдістемелік кеңес |
| 10 | Жыл бойы жүргізілген жұмыстар есебі | Мамыр | Тәлімгер | Әдістемелік кеңес |

# 4. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**4.1. Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері** *(қызметкер санына қарай 1 жылда 1 педагог)*

**Мақсаты:** балаларды қызықты ойын түрінде білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту

| № | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** (*күн тәртібіндегі әрекет негізінде ұйымдастырады*) | **Мерзімі** | **Орындаушы** | **Ескерту** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сөйлеуді дамыту | Қараша айы | Шекербекова А.Е. | |
| 2 | Қоршаған ортамен таныстыру | Қараша айы | Онжігітова А.Б. | |
| 3 | Математика негіздері | Қараша айы | Альжанова М.Ш. | |
| 4 | Сауат ашу негіздері | Ақпан айы | Сулейменова Ж.Қ. | |
| 5 | Сөйлеуді дамыту | Наурыз айы | Есімханова Л.Ө. | |
| 6 | Қоршаған ортамен таныстыру | Сәуір | Лес С.Б. | |

## 4.2. Ертеңгіліктер, ермектер, ойындар, тақырыпты кештер

**Мақсаты:** әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік, когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамыту

| № | Негізгі іс-әрекет мазмұны | Мерзімі | Жауапты | Қайда қаралады |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Білім күні» (тақырыпты) | Қыркүйек | Музыка жетекшісі, ересек, мектепалды даярлық топ тәрбиешілері | Әдістемелік кеңес |
| 2 | «Алтын Күз» (ертеңгілік) | Қараша | Музыка жетекшісі, кіші, ортаңғы топ тәрбиешілері | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| 3 | «Қош келдің Жаңа жыл» (ертеңгілік) | Желтоқсан | Музыка жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| 4 | «Қыс кереметі» (қысқы эстафета ойындары) | Қаңтар | Дене шынықтыру нұсқаушысы | Әдістемелік кеңес |
| 5 | «Ертегілер еліне саяхат» (сахналық қойылым) | Ақпан | Топ тәрбиешілері | Әдістемелік кеңес |
| 6 | «Анашым, жан анам!» (ертеңгілік) | Наурыз | Музыка жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| 7 | «Наурыз мерекесі» (тақырыпты) | Наурыз | Музыка жетекшісі, ересек, мектепалды даярлық топ тәрбиешілері | Меңгеруші жанындағы кеңес |
| 8 | «Біз жас экологпыз» (ермек) | Сәуір | Ортаңғы топ тәрбиешілері | Әдістемелік кеңес |
| 9 | Ынтымақтастық күні (ермек) | Мамыр | кіші, ортаңғы топтар | Әдістемелік кеңес |
| 10 | Жеңіс күні (тақырыпты) | Мамыр | Топ тәрбиешілері | Әдістемелік кеңес |
| 11 | Балабақшамен қоштасу (тақырыпты) | Мамыр | мектепалды даярлық топ тәрбиешілері | |

## 4.3. Байқаулар, көрмелер

**Мақсаты:** бастамашылықты, дербестікті және жауапкершілікті, командада жұмыс істей білуді дамыту

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты | Қайда қаралады | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Анатілім-айбыным» Қазақстан халқының Тілдері күніне орай шығармашылық байқау | қыркүйек | Тәрбиешілер | Меңгеруші жанындағы кеңес | |
| 2 | «Ән шырқайық бәріміз» Республика күніне арналған патриоттық әндер байқауы. | қазан | Музыка жетекшісі, хореогроф,тәрбиешілер | Әдістемелік кеңес | |
| 3 | Байқау: «Балаларға базарлық» кітап бұрышын ұйымдастыру байқауы» (топ аралық) | қараша | Тәрбиешілер | Әдістемелік кеңес | |
| 4 | «Әкем –асқар тауым» әкелердің тәрбие мектебін дәріптеу байқауы. | қараша | Тәрбиешілер | Әдістемелік кеңес | |
| 5 | Сайыс:<br>«Сен білесің бе?» (қызметкерлер аралық сайыс) | желтоқсан | Қызметкерлер<br>Тәрбиешілер | Меңгеруші жанындағы кеңес | |
| 6 | Көрме: «Театрлық ойындар» (педагогтар үшін) | қаңтар | Пән мұғалімдері<br>Тәрбиешілер | Меңгеруші жанындағы кеңес | |
| 7 | Байқау:<br>«Сюжетті –ролдік ойындар» (педагогтар үшін) | ақпан | Тәрбиешілер<br>Пән мұғалімдері | Меңгеруші жанындағы кеңес | |
| 8 | Сайыс:<br>«Ертегі құрастыру да өнер» (педагогтар үшін) | наурыз | Пән мұғалімдері<br>Тәрбиешілер | Әдістемелік кеңес | |
| 9 | Байқау: «Биші жұлдыз» би байқауы | сәуір | Музыка жетекшісі, хореогроф | Әдістемелік кеңес | |
| 10 | Көрме: «Дәстүрден тыс қолданылатын спорттық құралдар» (ата-аналармен бірлесе) | мамыр | Пән мұғалімдері<br>Тәрбиешілер | Ата-аналар жиналысы | |
| 11 | Байқау: «Мен балаға осылай жағдай жасаймын» (заманға сай жаңаша аланды безендіру, педагогтар үшін) | маусым | Тәрбиешілер | Педагогикалық кеңес | |
| 12 | Көрме: «Сүйсіне біл табиғатқа, өз қолыңмен жаса да» (табиғи материалдардан бейнелер жасау) | шілде | Тәрбиешілер | Әдістемелік кеңес | |
| 13 | «Жас әнші» әнбайқауы | тамыз | Музыка жетекшілері | Әдістемелік кеңес | |
| 14 | «Ең үздік топ» жаңа оқу жылына дайындығын тексеру | тамыз<br>қыркүйек | Меңгеруші<br>Әдіскер | Меңгеруші жанындағы кеңес | |

## 4.4. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың жаңа бағдары»

**Мақсаты:** мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Орындаушы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1<br>2<br>3 | № 1 Педагогикалық кеңес<br>2022 - 2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту.<br>Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері нұсқау өткізу.<br>Әр түрлі (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарды бекіту) | 27 тамыз | б/б меңгерушісі (Ағабекова Э.Қ.)<br>б/б меңгерушісі (Ағабекова Э.Қ.)<br>әдіскер (Бекбауова Ұ.А.) | |
| 1<br>2<br>3 | № 2 Педагогикалық кеңес<br>Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеу<br>«Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында қимылды ойындардың атқаратын рөлі»<br>«Өз-өзіңді таны» - іскерлік ойын<br>Көрме: «Заттық кеңстіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру » | Қараша | әдіскер (Бекбауова Ұ.А.)<br>тәрбиеші (Альжанова М.)<br>тәрбиеші (Онжігітова А.Б.)<br>педагогтар | |
| 1<br>2<br>3 | № 3 Педагогикалық кеңес<br>Тақырыпты тексеру қорытындысы<br>«Қоршаған ортамен танысу» (Кітап бұрышын толықтыру)<br>«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»<br>Іскерлік ойын «Не? Қайда? Қашан?» | Наурыз | әдіскер (Бекбауова Ұ.А.)<br>тәрбиеші (Есімханова Л.)<br>тәрбиеші (Сулейменова Ж.) | |
| 1<br>2<br>3 | № 4 Педагогикалық кеңес<br>Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, әдіскер есебі<br>Жазғы сауықтыру жұмысының іс- шараларын бекіту.<br>Техника қауіпсіздігі | мамыр | әдіскер ( Бекбауова Ұ.А.)<br>б/б меңгерушісі (Ағабекова Э.Қ.)<br>б/б меңгерушісі<br>тәрбиешілер, пән мұғ. | |

## 4.5. №1 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

**Қыркүйек**

| № | Мазмұны | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1. | «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемеліккеңесінің шешімімен ұсынылады (*2022жылғы 26 шілдедегі №7хаттама*).<br>«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы* | Әдіскер |
| 2. | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама өзгерістерді таныстыру | |

## №2 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

**Қараша**

| № | Мазмұны | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1. | Мониторинг жүргізу жолдарымен таныстыру, әдістемелік сүйемелдеу | Әдіскер |
| 2. | Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест) дайындық кезінде әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсету | |
| 3. | Инновациялық тәсілдерді енгізуді жүзеге асыру, жоба және оның жүзеге асыру жолдары | |

## №3 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

**Наурыз**

| № | Мазмұны | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1. | Курстан өткен педагогтермен қолдау көрсету жұмыстары | Әдіскер |
| 2. | Озық педагогикалық тәжірибе | |

## 4.6. Өндірістік кеңес

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| | № 1 | | | |
| 1 | Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру шараларының нәтижесі (шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі жаттығу, тыныс алу жаттығуы) | қазан | меңгеруші (Ағабекова Э.Қ.) медбике | |
| 2 | Ағымдағы жұмыстарды, шолу тексеруінің қорытындысы | | әдіскер | |
| 3 | Өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, шолу қорытындысы | | шаруашылық меңгерушісі | |
| | № 2 | | | |
| 1 | Топтардың санитарлық жағдайы, жедел тексеру қорытындысы | желтоқсан | медбике | |
| 2 | / Ас блогының жұмысын талдау / тамақтың әртүрлілігі, коллориясы/, ас үйдің санитарлық-гигиеналық жағдайы. | | медбике | |
| 3 | Техника қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтардың орындалу нәтижелері | | шаруашылық меңгерушісі | |
| | №3 | | | |
| 1 | Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқаруы | наурыз | әдіскер | |
| 2 | Балалардың тамағын ұйымдастыру (тамақтану жөнінде ата-аналармен жүргізілген сауалнамалар, тамақтану қорытындысы) | | медбике | |
| 3 | Азаматтық қорғаныс іс- шараларының орындалу нәтижелері | | әдіскер | |

## 4.7. Меңгеруші жанындағы кеңес

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| <br>1<br><br><br>2<br>3 | № 1<br>Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, есеп беру ортаңғы ересектер тобы, музыка жетекшілері мен дене шынықтыру нұсқаушысы<br>«Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы» шолу тексеруінің қорытындысы<br>Рейд тексеруінің қорытындысы | қыркүйек | тәрбиешілер, пән мұғалімдері, музыка жетекшілері<br>әдіскер<br><br>б/б меңгерушісі | |
| <br>1<br><br>2<br>3 | №2<br>Күн тәртібінің орындалуы, бақылау жұмысының қорытындысы.<br>«Топтардың санитарлық жағдайы» жедел тексеру қорытындысы<br>Жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу | қараша | б/б меңгерушісі<br><br>медбике<br><br>әдіскер | |
| <br>1<br><br>2<br><br>3 | №3<br>Қыс мезгілінде өткізілетін ермектердің жоспарын бекіту және талдау<br>Салыстырмалы бақылау қорытындысы: балалардың сөйлеуді дамыту бағдарлама материалдарын меңгеруі (қайталап айтып беру, әңгіме құрау)<br>Балалардың денсаулығы, бақшаға қатынасуы жөнінде мәлімет | қаңтар | б/б меңгерушісі<br><br>әдіскер<br><br>медбике | |
| <br>1<br>2<br>3 | № 4<br>«Күн тәртібін сақтау» шолу тексеруінің нәтижелері<br>Өткізілген ермектердің нәтижелері<br>Әр түрлі мәселе | наурыз | әдіскер<br>әдіскер | |
| <br>1<br>2<br><br><br>3 | № 5<br>«Жаз мезгіліндегі балалар жарақатының алдын алу»<br>Күн тәртібі кезеңіндегі ойындарға дайындық педагогикалық жүйе (ескерту бақылауының қорытындысы)<br>Балалар тамағын ұйымдастыру (шолу жұмыстарының қорытындысы) | мамыр | медбике<br>б/б меңгерушісі<br>әдіскер<br><br>медбике | |

## 4.8. Нұсқау өткізу

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері | Қыркүйек | б/б меңгерушісі (Ағабекова Э.Қ.) | |
| 2 | Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау. | Қыркүйек | б/б меңгерушісі | |
| 3 | Балалардың денсаулығын және өмірін сақтау. | Қазан | әдіскер | |
| 4 | Эпидемияға қарсы тазалық жұмыстары. | Қазан | медбике | |
| 5 | Төтенше жағдайлар кезінде балабақша қызметкерлерінің балаларды эвакуациялау сәтіндегі өзара әрекеттесуі | Қараша | әдіскер | |
| 6 | Өрт қауіпсіздігін сақтау. | Қараша | шар.меңгерушісі | |
| 7 | Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері | Желтоқсан | б/б меңгерушісі | |
| 8 | Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау. | Желтоқсан | б/бақша меңгерушісі | |
| 9 | Балалардың денсаулығын және өмірін сақтау. | Қаңтар | әдіскер | |
| 10 | Эпидемияға қарсы тазалық жұмыстары. | Қаңтар | медбике | |
| 11 | Төтенше жағдайлар кезінде балабақша қызметкерлерінің балаларды эвакуациялау сәтіндегі өзара әрекеттесуі | Ақпан | әдіскер | |
| 12 | Өрт қауіпсіздігін сақтау. | Ақпан | шар.меңгерушісі | |
| 13 | Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері | Наурыз | б/б меңгерушісі | |
| 14 | Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау. | Наурыз | б/бақша меңгерушісі | |
| 15 | Балалардың денсаулығын және өмірін сақтау. | Сәуір | әдіскер | |
| 16 | Эпидемияға қарсы тазалық жұмыстары. | Сәуір | медбике | |
| 17 | Төтенше жағдайлар кезінде балабақша қызметкерлерінің балаларды эвакуациялау сәтіндегі өзара әрекеттесуі | Мамыр | әдіске | |
| 18 | Өрт қауіпсіздігін сақтау. | Мамыр | шар.меңгеруші | |

## 4.9. Оқыту практикалық семинар

**Тақырыбы: «Тәрбиешінің тілдік құзыреттілігінің дамуы»**

Мақсаты:
*мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие мен оқу жұмыстарының әр түрлі бағытында педагогикалық әдеп көрсете білуінің дамуы
* тәрбиешінің жеке мамандық бойынша ерекше қасиеттерінің дамуы: беталысы, білімі, қабілеті, техникасы
* маман - педагогикалық ерекшелігіне машықтануы: зейіні, аңғарымдылығы ,қиялы

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| | І талдауға арналған сұрақтар | | |
| 1 | Педагогтардың шығармашылық жұмысқа психологиялық дайындығы | қыркүйек | Шығармашылық топ |
| 2 | Тәрбиешінің педагогикалық әдебі | қазан | Шығармашылық топ |
| 3 | Бала мен тәрбиешінің арасындағы қатынастың ерекшеліктері | желтоқсан | Шығармашылық топ |

## 4.10. Теориялық семинар

**Тақырыбы: «Баланы әлеуметік ортаға бейімдеу»**

Мақсаты: желілі – рөльдік ойынның құрылымын, ойын құралын пайдалануын, жас ерекшелігіне қарай ойын ережесін іс – жүзінде дұрыс пайдалануға тәрбиешілерді үйрету.

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ойын арқылы бала тілін дамыту | XI | Шығармашылык топ | |
| 2 | Ойын – балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы | II | Шығармашылык топ | |
| 3 | Баланың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру | IY | Тәрбиеші | |

## 4.11. Қауіпсіздік мектебінің жұмыс жоспары

| № | Жұмыс түрі | Мерзімі | Жауапты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ермек: «Дымбілместің денсаулығын сақтау үшін көмектес» | қыркүйек | Тәрбиешілер (кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары) | |
| 2 | Саяхат: «Медицина бөлмесіне» | қазан | Тәрбиешілер (кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары) | |
| 3 | Барлық балаға көшеде қалай жүру керектігін білу керек: «Егер де сен жоғалып кетсең» | қазан | Барлық топтарда | |
| 4 | Кеңес: «Қауіпті заттар әлемінде», «Ненің болатынын, ненің болмайтынын мен жақсы білемін» «Біздің топтағы қауіпсіздік» | қараша | Барлық топтарда | |
| 5 | Кеңес: «Мен өз денсаулығымды қорғаймын» | қараша | Тәрбиешілер (кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары) | |
| 6 | Мақалдар оқып беру: «Дәрігер Айбалит» | желтоқсан | Ересек топ | |
| 7 | Дидактикалық дамытушы ойындар және жаттығу: «Кімге не керек?» | қаңтар | Тәрбиешілер (кіші, мектепалды даярлық топтары) | |
| 8 | Шығармашылық ойын: «Емхана», «Аурухана», «Мал дәрігері емханасы» | ақпан | Барлық топ тәрбиешілері | |
| 9 | Жапсырма: «Балалар емханасын құру» «Жануарлар емханасы» | наурыз | Ересек топ | |
| 10 | Ермек: «Қонжық аурып қалды» «Қасқыр және жеті лақ» «Дәрігер Айбалит» | сәуір | кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары | |
| 11 | Ермек: «Балаларға қонаққа аюлар келді» | мамыр | Ерте жас, кіші топтар | |
| 12 | Өртсөндірушілер иті | жоспар бойынша | ересек, мектепалды даярлық топтары | |

## ӘЛЕУМЕТПЕН ЖҰМЫС

**Мақсаты:**
балабақша мен отбасы ынтымастығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үрдісін мемлекеттік білім беру стандарт талабына сай жүзеге асыру, ата-аналармен қоғамдастық жұмысын жетілдіру, рухани – адамгершілік құндылықтарды насихаттау

**Ата-аналармен өзара ықпалдастық**

| № | Негізгі іс-әрекет мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | «Келіңіз танысайық!»<br>- Ұлттық тәрбиеге қалай қарайсыз? (сауалнама)<br>- Оқу-тәрбие жұмысымен таныстыру | Қыркүйек | Тәрбиешілер |
| 2 | Ата-аналарға арналған кеңестер | Жыл бойына | Тәрбиешілер |
| 3 | «Менің отбасым» (сурет көрмесі) | Қантар | Тәрбиешілер |
| 4 | Бала дәрігеріне арналған сұрақтар | Ақпан | Медбике |
| 5 | Балабақшада және үйде қауіпсіздік ережелерін сақтау | Жыл бойына | Тәрбиешілер |
| 6 | Балалардың денсаулығын шынықтыру | Жыл бойы | Медбике<br>Тәрбиешілер |
| 7 | Ашық есік күндерін өткізу | 3 айда 1 рет | Тәрбиешілер |

## МЕКТЕППЕН САБАҚТАСТЫҚ

**Мақсаты:** Балабақша мен мектеп педагогтары арасында іскерлік ынтымақтастық орнату, балаларды мектептегі оқуға бейімделуге дайындау

| № | Шаралар | Жұмыс мазмұны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектепаралық байланыс туралы ортақ отырыс | Балабақша мен мектептің бірлескен жұмыс жоспарын талқылау және бекіту | Қыркүйек |

### Басқа әлеуметтік институттармен серіктестік

| № | Тақырыбы | Жұмыс түрі, мазмұны | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Әлістемелік орталык | Семинар кеңес, шебер - сынып | | |
| 2 | Кітапханамен байланыс | Кітапханаға саяхат жасау<br>«Біздің кітап» | | |
| 4 | Өрт сөндіру бөлімшесімен байланыс | Өрт сөндіру бөлімшесінің қызметімен танысу<br>Бейне материалдар дайындау | | |

**Басшылық және бақылау**

Білім беру мен тәрбиелеу жұмысының бақылау кестесі

**Міндеті:** Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандатына сәйкес оку-тәрбие жұмысын қамтамасыз ету

| № | **Жүргізілетін іс-шаралар** | **түрі** | **топ** | **уақыты** | **қаралатын орны** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жаңа оқу жылына дайындық жағдайы | **тақырыптық**<br>қорытынды | барлық топ | Тамыз<br>2022ж. | №1 педкеңеске |
| 2 | Дене шынықтыру қызметі | **салыстырмалы**<br>қатар екі топтың дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушының жұмысы | ортаңғы топтар | Қараша 2022ж. | №2 пед.кеңеске |
| 3 | «Туған елім-Қазақстан!» отан сүйгіштік тәрбиесі | **өзін-өзі бақылау**<br>сенімділік жұмыс | ересек<br>топтар | Наурыз 2023ж. | №3 пед.кеңеске |
| 4 | Ұйымдастырылған іс әрекеттің сапалығы | **шұғыл**<br>жедел диагностика | барлық топтар | Қаңтар<br>2023ж. | меңгеруші жанын.кеңес |

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Жауапты | Қаралытын орны | Топтар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ***Тақырыпты тексеру***<br><br>***Тақырыбы***: «Сюжетті сурет арқылы байланыстырып сөйлеуін дамыту»<br><br>**Мақсаты**: Сөздік қорын дамыта отырып, сюжетті сурет бойынша сөйлеуге үйрету. | Қараша-желтоқсан | әдіскер | пед.кеңес | ІІ-ші кіші топ |
| 2 | ***Тақырыпты тексеру***<br><br>***Тақырыбы***: «Қоршаған ортаны зерттеу арқылы баланың сенсорикалық дағдыларын дамыту»<br><br>**Мақсаты**: практикалық жаттығулар жасату арқылы балалардың өз-өзіне қызмет ету, өмірге бейімделу дағдыларын, қимыл-қозғалыс моторикаларын дамыту | наурыз-сәуір | әдіскер | пед.кеңес | Ересектер тобы, мектепалды даярлық тобы |
| 3 | ***Бастапқы бақылау***:<br><br>Мақсаты: оқу жылының І – жарты жылдығындағы балалар білімін тексеру | желтоқсан | тәрбиешілер | пед.кеңес | Барлық топтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | ***Межелі бақылау***:<br><br>Мақсаты: балалардың бір жылдық бағдарлама материалын меңгеруі | мамыр | тәрбиешілер | пед.кеңес | барлық топ |
| 5. | ***Салыстырмалы бақылау***:<br>- қоршаған ортамен танысу<br>- дене тәрбиесі<br>- ертеңгілік жаттығу<br>- шынықтыру шара.<br><br>***Шолу***:<br>- балалардың ойын іс- әрекеті<br>- серуен<br>- сурет | қазан<br>қараша желтоқсан<br>үнемі<br><br>үнемі<br>ақпан<br>наурыз | | | ортаңғы топ,<br>ересек топ<br>барлық топ<br>барлық топ<br>барлық топ<br>ересек топ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. | ***Жедел бақылау***:<br>- балалар тамақтануын ұйымдастыру<br>- балалар сырқаттануының анализі (І-ІІ жарты жылдық)<br>- тәрбиешілердің күнделікті жұмысқа дайындығы<br>- ішкі еңбек тәртібінің сақталуы<br>- күнделікті құжаттарды толтыруды бақылау<br>- табиғат бұрышын жабдықтандыру<br>- ата-аналар үшін ақпараттық блоктар дайындау, безендіру | Циклограмма бойынша | медбике<br>медбике<br>әдіскер<br>әдіскер | өндірістік кеңес<br>өндірістік кеңес<br>Меңгеруші жанындағы кеңес<br>меңгеруші жанындағы кеңес | барлық топ<br>барлық топ |
| 7. | ***Рейд – топтарды тексеру***<br>- тазалық жағдайы<br>- дамыту орталарының құрылымы | Циклограмма бойынша | медбике<br>әдіскер | әдіскердің қатысуымен кеңес | барлық топ<br>барлық топ |
| 8. | ***Оқу-тәрбие жұмыстарының орындалуы:*** | Циклограмма бойынша | әдіскер | әдіскердің қатысуымен кеңес | барлық топ |

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын-орталық» жеке мекемесі

# *Баяндама*

**Тақырыбы:** «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында қимылды ойындардың атқаратын рөлі»

**Орындаған:** М.Альжанова

Шымкент 2022 ж.

**«Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында қимылды ойындардың атқаратын рөлі»**

Ертезаманнан-ақ адам өзін қоршаған ортаның тылсым тіршілігін тануға әрекет жасаған. Ал айнала дүниені танып–білудің, белсенді іс–әрекеттің алғашқы түрі заттық іс–әрекет болып табылады. Нәресте заттық іс-әрекеттен бірте–бірте ойын әрекетіне ауысады. Барлық адам өзінің тұлға ретінде даму ерекшелігінде ойын іс–әрекетін бастан кешіреді. Сәбилік кезеңнен бастап бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп ұғынады. Тек көру, сипап–сезу, байқап–тану арқылы емес, тікелей араласып, іс–әрекетке көшуін нақты қарым–қатынас барысында біледі. Осылайша ойын адамның өмір танымында шешуші мәнге ие болады. Баланың таным–түсінігі, іс–әрекеті ойыннан басталып, оның негізі болашақ өмірінде оқу, еңбек іс–әрекетімен жалғастырылады. Ойын – бала үшін оқу да, еңбек те. Ойын – айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Ойын балалардың негізгі іс–әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық–физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным–көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойын да әр

бір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді.
Ойын екі түрлі уақыттық бағытты қамтиды: қазіргі және болашақ. Бір жағынан бала бірден осы мезетте қуанышқа бөленеді, екінші жағынан ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені ойын барысында тұлғаның келешек өміріне ықпал ететін сапалы қасиеттері мен іскерлік дағдылары қалыптасады. Бала ойын қызметіне талпынады, ойын олар үшін өмірдің мәні болып табылады.
Кейбір психологиялық теориялар ойынның мәнін баланың артық әл–қуатын шығындап, жоғалтқысы келген талабымен түсіндіреді.
Алайда, функционалдық тенденция концепциясының негізін салған Д. Узнадзе: «Ойын артық әл-қуатты сыртқа шығындаудың тәсілі емес, дамудың негізгі бас формасы, қызмет бағытының емін–еркін бұрқаған көрінісінің формасы болып табылады және әрекеттер ретінде олардың өз бағыты бойынша бір–бірінен айырмашылықтары бар, міне осылар баланы мазмұнды жағынан әр түрлі ойындар ойнауына мәжбүр етеді», — деген. Жетілгісі келіп тұрған күштердің қарбалас қимылына сәйкес келмейтін әрі оған ықпал етпейтін ойын мен ойыншық баланы тез жалықтырып жібереді. Осындай сәтте баланың өзіндік саналары, оның шындыққа, адамдарға қарым–қатынасы қалыптасады. Баланың ойын қызметін тоқтатып, оны интерфункционалдық күштердің қимылына қайшы келетін

басқадай нәрсемен шұғылдануға мәжбүр еткізу – бала талантын жеделдете дамытып, жан–жақты ашылуына тосқауыл жасау деген сөз. Ойын баланың психикасына сапалы өзгерістер туғызады. Балалардың ересектермен бірлесіп өмір сүруге ұмтылысы бірлескен еңбек негізінде қанағаттандырылмайтыны белгілі. Бұл қажеттілігін балалар ойын арқылы өздеріне ересектер рөлін алып, еңбектік өмірді ғана емес, сол сияқты әлеуметтік қарым–қатынасты да нақтылап көрсетеді. Д. Элькониннің атап өткеніндей, мұнда балалар өз ара сәйкес рөлдерді тасымалдаушылар (ересектерді өзара әлеуметтік қатынасын қайта жаңғыртады), әрі ойынға тікелей қатысушы болады. Баланың қоғамдағы осындай ерекше орны оның үлкендер өміріне араласуының айрықша түрі болып саналатын рөлдік ойынның пайда болуының негізіне айналады. Біраз уақыттан кейін рөлдік ойыннан ереже бойынша жүргізілетін ойынға ауысады. Біртіндеп ереже ойын әрекетінде бірінші орынға қойылып, алғашқы сюжеттік сипатқа ие болады, сосын ойында жеңіске жету бала үшін үлкен мәнге айналып, ойын еңбекке және оқу әрекетіне ұқсас бола бастайды.

Ойында ең алғаш баланың дүниеге әсер етуді қажетсінуі қалыптасады және көрінеді, ойынның негізі, жалпы мәні де осында. Ойынның мәнін анықтайтын бірінші ереже, ойын мотивтерінің әртүрлі бала үшін мәні зор

күйіністерге негізделетіндігі болса, екінші ереже, ойын әрекеті адам іс– әрекетіне тән көптеген мотивтерді жүзеге асыруы болады.

Ойынның бала өмірінде үлкен орын алатыны ертеден дәлелденген. Тіпті XVIII ғ. Руссо былай деп жазған: «Баланы жақсы тану және түсіну үшін оны ойын кезінде бақылау керек».

Балалармен жұмыс істеу ойынында ойын мен әсер ету арқылы баланы басқаруға немесе оны өзгертуге көп күш кетпейді. Ойын мен әсер етудің мақсаты — баланың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі басқарудан тұрады. Ойын процесі баланың қоршаған ортаға бақылау жасауы ретінде қарастырылады.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

# Ашық оқу-қызметі

**Тақырыбы:** «Сандар мен пішіндер әлемі»
**Жүргізген:** М.Альжанова

Шымкент 2022 ж.

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Математика негіздері
**Тақырыбы:** «Сандар мен пішіндер әлемі»
**Мақсаты:** Сандарды тура және кері санау. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс-әрекет дағдыларын меңгерту, ойлауға ауызша геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын тиянақтап, түстерді ажыратуға, қарым-қатынас, көмек көрсету, сыйластықты қалыптастыру. Балаларды тапқырлыққа, іздемпаздыққа тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Суреттер, шар, геометриялық пішіндер (төрт бұрыш, үшбұрыш, тік төртбұрыш, дөңгелек) үлестірмелі материалдар.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| | **Шаттық шеңбері:**<br><br>Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі күніміз жақсы болсын, орнымызға отырайық. Бүгін бізде математика негіздерінен ашық оқу-іс-әрекеті. | Армысың, мейірімді Аспан-Ата,<br>Армысың, шұғылалы Алтын-Күн.<br>Армысың, балабақша, дос-жарандар.<br>Қош келдіңіздер қонақтар. |
| | **Қызықты сәт:** «Білім ханшайымы» келеді.<br>**Білім ханшайымы:** Сәлеметсіңдер ме балалар!<br>Балалар мен білім ханшайымымын сендерді өте ақылды балалар деп естіп сендерге тапсырма алып келдім.<br>**Тәрбиеші:** Қош келдің Білім ханшайымы. Біздің балалар ақылды және сіздің берген тапсырмаларыңызды орындайды. Сіз жайғасып балаларымыздың білімін тамашалап отырыңыз.<br>Ендеше балалар Білім ханшайымы қандай тапсырма әкелді екен қарайық. | Сәлеметсіз бе! |

| | | |
|---|---|---|
| | Неше жыл мезгілін бар. | Күз, қыс, көктем, жаз |
| | Қазір жылдың қай мезгілі? | Күз |
| | Күз мезгілінде неше ай бар? | 3 ай бар қыркүйек, қазан, қараша |
| | Апта күндерін атаймыз. | Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі,бейсенбі,жұма, сенбі, жексенбі |
| | Бүгін аптаның қай күні? | Жұма |
| | Қазір тәуліктің қай мезгілі? | Азан |
| | Жарайсыңдар балалар енді бір ойын ойнайық. | Балалар кезек-кезек |
| | **Ойын:** «Шардың түсімен жыл мезгілін сәйкестендір» (сары, ақ, жасыл, қызыл) | шығып шарларды жыл мезгілдеріне сай жапсырады. |
| | Балалар біздің келесі тапсырмаларымыз осы шарлардың ішінде екен оны орындау үшін шарларды жарып орындаймыз. | |
| | **1-тапсырма** | |
| | «Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?» | Пішіндерді атайды |
| | **Тәрбиеші:** Балалар 2-ші тапсырмада былай делініпті: Ақ қағаз бетінің ортасына сопақша, сол жақ бұрышының жоғарғысына үшбұрыш, төменгі бұрышына төртбұрышты орналастыр. Оң жағының жоғарғысына шаршыны, төменгі бұрышына шеңберді орналастыр. | Балалар орындайды. |
| | **Дидактикалық ойын:** «Қай пішінге ұқсайды» | Балалар суреттерді қай пішінге ұқсайды тауып салады. |
| | **Сиқырлы қоржын.** Қоржында геометриялық пішіндер: оларды көрмей ұстап сезіну арқылы қандай пішін екенін табу қажет. | Қоржынға қол салып саусақтарымен сезіну арқылы қандай пішін екенін тауып атап көрсетеді. |
| | Бір сөзбен осыларды қалай атаймыз? | Геометриялық пішіндер. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті:** Балаларға жәшіктен әр түрлі геометриялық пішіндерді таңдап алу ұсынылады, балалар әуенге қосылып билейді де, әуен тоқтағанда қолдарындағы геометриялық пішін бойынша үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер жасап тұрады. Балалар келесі шарды жарып тапсырма аламыз.<br>**2-тапсырма**<br>Сандарға арнап тақпақ айту. | Балалар билеп, әуен тоқтаған кезде геометриялық пішіндерді жасайды.<br><br>**Адия:** Жіңішке жалғыз таяқша-<br>Бір саны ол айрықша.<br>**Бейбарыс:** Екі саны байыпты,<br>Аққуға ұқсап қалыпты.<br>Ұзын мойын, құйрықты,<br>Қазды да қатар қойыпты.<br>**Дамир:** Екіліктен кейін қараңдар,<br>Үш саны шықты, жарандар<br>Үшінші орын тұрағы,<br>Үш ілмекті қосып тұрады.<br>**Аяна:** Сүйір шынтақ шығарып,<br>Төрт тұр алға үшті алып.<br>**Әлім:** Бес дегенің бес саусақ.<br>Ретімен біз санасақ.<br>Үстіңдегі киімді,<br>Бес сыммен тоқыр байқасақ.<br>Бес алсаң егер сабақтан, |

| | | |
|---|---|---|
| | 1-ден 5-ке дейін тура және кері санау.<br>Сандардың көршілерін атау.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Жоғалған сан» табу<br>Келесі шарды жарамыз.<br>**3-тапсырам. Қарама-қарсы сөздірді атау.**<br>Тәрбиеші көлемді, кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап, допты бір балаға лақтырады.<br>Үлкен-<br>Кең-<br>Ұзын-<br>Биік-<br>Қалың-<br>Сол жақ-<br>Жоғары-<br>Аз-<br>Алыс-<br>Жуан-<br>**4-тапсырма**<br>Логикалық есептер<br>Дүкеннен анам дөңгелек 2 допты алып келді, оның біреуін іниме бердім. Менде неше доп қалды?<br>Қоянда неше құлақ бар? (қоянның суретін көрсету)<br>Қолда қанша саусақ бар? (саусақтардың суретін көрсету)<br>Ағашта 5 құс отыр, оның 2-уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?<br>Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?<br>**Ойын:** | Қуанар сенің ата-анаң.<br>Санайды<br>Сандардың көршілерін атап шығады.<br><br>Табады<br><br>-кіші<br>-тар<br>-қысқа<br>-аласа<br>-жұқа<br>-оң жақ<br>-төмен<br>-көп<br>-жақын<br>-жіңішке<br><br>1 қалды<br>2 құлағы бар<br><br>Оң қолда 5 саусақ, сол қолда 5 саусақ<br><br>3 құс қалды<br><br>5 алма |

| | | |
|---|---|---|
| | **Білім ханшайымы:** Жарайсыңдар, балалар недеген ақылды едіңдер, ракмет сендерге мен енді қайтайын. Сау болыңдар балалар | Сау болыңыз |
| **Жетекші - жөндеуші** | Балалар, бүгін қандай тапсырмаларды орындадық, қане, есімізге түсірейік. Біз енді пішіндерді білеміз. Атап шығайық.<br><br>Сандарды тура және кері санайық. | Дөңгелек, үшбұрыш, Тік төртбұрыш, сопақша, шаршы |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Сандарды тура және кері санай алады. Кеңістікті бағдарлай алады.

**Игереді:** Қарама-қарсы сөздерді айтуды.

**Меңгереді:** Пішіндер мен сандар туралы түсінікті.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын-орталық» жеке мекемесі

# Ашық оқу қызметі

«Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобы

**Тақырыбы**: «Табиғат біздің досымыз»

**Жүргізген:** А.Оңжігітова

Шымкент 2022 ж.

**Білім беру саласы:** Таны

**Оқу-іс әрекеті:** Қоршаған ортамен таныстыру

**Тақырыбы:** «Табиғат біздің досымыз»

**Әдіс-тәсілдері:** ТРИЗ әдісі, әңгіме, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауаптар, тәжірибе жасау.

**Көрнекі құралдар:** Тақырып бойынша суреттер, видио дауыс, дидактикалық ойын құралдары, тәжірибе жасайтын заттар, глобус.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиеші қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі** | Балалар көңіл күйлерін қалай?<br>Олай болса балалар біз бір-біріміздің қолдарымыздан ұстап, бір-бірімізге қуанышымызды жеткізейік.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз.<br>Шұғылалы таңдаймыз<br>Күлімдеген күндейміз<br>Ренжуді білмейміз.<br>Қуанамын мен де.<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым<br>Арайлап атқан күнге.<br>Жарайсыңдар балалар!<br>Енді бәріміз күнге қарайықшы.<br>Күн бізге не береді?<br><br>Ал балалар қазір қай мезгіл?<br>Күз мезгілінің үш айын атайықшы.<br>Күз мезгілінде табиғатта қандай ерекшеліктер болады?<br><br>Жарайсыңдар балалар! | Тамаша!<br><br><br><br><br><br>Балалар тәрбиешінің көмегімен өлең жолдарын қайталайды.<br><br><br><br><br><br><br><br>Сәуле, жарық, жылу береді.<br>Күз<br>Қыркүйек, қазан, қараша<br>Күн суытады, жапырақтар сарғайып жерге түседі, құстар жылы жаққа кетеді. |
| **Ұйымдастырушы-ізденушілік** | Балалар сендер отырмас бұрын мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар.<br>Бір жерінде ыстық | |

| | | |
|---|---|---|
| | Бір жерінде суық,<br>Бір жерінде күн<br>Бір жерінде түн<br>Керемет алып  неткен | Жер шары. |
| | -Ия дұрыс айтасыңдар, міне мынау жер шары, пішіні қандай? | Дөңгелек. |
| | Балалар біз казір сендермен «Жер шары» ойынын ойнаймыз. Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? мекендейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады. Мыс: тәрбиеші «Жер шары» десе бала «адам» деп жылдам жауап беруі тиіс. | Балалар ойынды ойнайды. |
| | Жарайсыңдар балалар!<br>Адам, құстар, жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар,гүлдер, таулар, сулар. Бұның барлығын бір сөзбен айтқанда не деп атаймыз. | Табиғат. |
| | Дұрыс айтасыңдар!<br>Біз бүгін сендермен осы табиғат ұғымымен тереңірек танысамыз.<br>**Ғажайып сәт:** Экраннан хатты оқу. Табиғат аясындағы ақ қайың ағашынан келіп тұр екен.<br>**Хат**<br>Сәлеметсіз бе, құрметті балалар! Мен ақ қайыңмын. Мен сендерге жазда жандарыңа сая болатын едім. Қазіргі кезде менің қалым нашарлап бара жатыр. Маған адамдар көңіл бөліп қарамайды. Менің бұтақтарым сынып, сусыз қурап бара жатырмын. Мен сендерден сұрайтыным маған көмек | Балалар хатты мұқият тыңдайық. |

| | | |
|---|---|---|
| | беріңдерші. Сәлеммен ақ қайың<br>-Балалар сендер, мейірімді де ақылды, сүйкімді балаларсыңдар, ақ қайыңға көмектесеміз бе? | Иә. |
| | Олай болса балалар бізде мына жерде тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындай отырып ақ қайыңға көмектесеміз. | Әрине, көмектесеміз. |
| | Балалар ең алдымен сендер маған мына сұраққа жауап беріңдерші.<br>Табиғат аясында жүргенде қандай ережелерді білесіңдер?<br>Жарайсыңдар балалар! | Табиғатты ластамай тазалықты сақтау керек. Табиғат аясында шулауға, айғайлауға болмайды. Ағаштарды, гүлдерді сындыруға, жұлуға болмайды. Құстарға, жануарларға, жәндіктерге тиіспеу керек, қоқыс тастамау керек. |
| | **Тыныштық сәті:** Табиғат құбылысының дыбыстарын тыңдау.<br>Балалар не естідіңдер? | Желдің, жаңбырдың, құстардың, жануарлардың, найзағайдың. |
| | Балалар табиғатты екіге бөлеміз. Ол қандай? | Өлі және тірі табиғат. |
| | Дұрыс айтасыңдар. Бірақ осы өлі табиғат пен тірі табиғат бір- бірімен тығыз байланысты.<br>Ал, енді, сендер осы тірі мен өлі табиғатты ажыратып бөліп беріңдер. | Тірі табиғат: ағаш, шөп, гүл, адамдар, аңдар, құстар жатады. Олар өседі, көбейеді, денесінде жан бар.<br>Өлі табиғат: су, тас, құм, ауа, тау жатады, жаны жоқ. |
| | Проблемалық сұрақтар. | |

| | | |
|---|---|---|
| | -Табиғаттағы кейбір заттар (мысалы: күн, жаңбыр, су, топырақ, т.б.) жоқ болып кетсе не болар еді?<br>-Қандай қорытынды жасар едіңдер?<br>«Адам бәрін табиғаттан үйренеді» деген сөйлемді дәлелдеп көрейік.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>-Біздің үйіміз түнде қалай жарық болып тұрады?<br>-Шамды немен салыстыруға болады?<br>-Күн жарық қана бермейді, жылу да береді. Ал үйді қыста қалай жылытамыз?<br><br>-Табиғатта жаңбыр жауады, ал үйде ше?<br><br>-Табиғатта жел соғады, ал үйде ше?<br>-Үйде еден бар, ал табиғатта ше?<br>-Үйде еденге кілем, төсеніштер төсейміз.<br><br>-Табиғатта қар жауады, мұз қатады, ал үйде ше?<br><br>-Ұшақты неге қарап жасады?<br>-Тікұшақты неге қарап жасады?<br>-Суасты кемесін ше?<br>Жарайсыңдар балалар! Сұрақтардың барлығына дұрыс жауап бердіңдер.<br>Бұл тапсырманы да дұрыс орындап ақ қайыңға көмектесе білдік.<br><br>Төртінші тапсырма бойынша бізде дидактикалық ойындар екен. Үш- төрт баладан | Балалар өз ойларын айтады. Не үшін қажет екенін айтады.<br><br>-Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды.<br><br>-Шам жарық береді.<br><br>-Күнмен.<br><br>-Пешпен, жылытқыш құралдармен.<br><br>-Краннан, душтан су ағады.<br><br>-Желдеткіштен жел соғады.<br>-Жер бар.<br>-Табиғатта жер бетін өсімдіктер жауып жатыр.<br><br>-Мұздатқышта, тоңазытқышта мұз бар.<br>-Құстарға.<br><br>-Инелікке.<br>-Китке. |

| | | |
|---|---|---|
| | шығып, тапсырмаларды орындаймыз. Алдымен бір сергіп демалып алайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>1.Таң атты(керіледі отырған күйде)<br>2.Жарқырап күн шықты(қолдарын ашады)<br>3.Самал жел соқты(қолдары тербеледі)<br>4.Ағаштағы жапырақтар айналып жерге түсті.<br>5.Жәйләп жаңбыр жауа бастады.<br>6.Жаңбыр күшейді.<br>7.Жаңбыр тоқтады.<br>8.Жарқырап күн шықты.<br>**Тапсырмалар:**<br>-Жемістер мен көкеністерді бөлу.<br>-Жыл мезгілдерінің суреттерін бөлу.<br>-Үй және жабайы жануарларды бөлу.<br>-Құстарды(дала, үй) бөлу.<br><br>Балалар бесінші тапсырма бойынша біз табиғат туралы мақал- мәтелдер айта отырып, су астындағы балықтарды көбейтеміз және саусақ ойынын ойнаймыз.<br>Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар?<br>Мұнда балықтар бар ма? Олай болса біз осы теңіздің балықтарын көбейтеміз ол үшін біз табиғат туралы мақал- мәтелдер айтуымыз керек.<br>Әр бала мақал айтқан сайын теңіз астына балық жапсырып отырады.<br>Саусақ ойынын ойнаймыз. | Балалар қимыл-қозғалыстар арқылы сергіту жаттығуын орындайды.<br><br>Балалар тапсырмаларды орындайды.<br><br>Теңіздің, судың астын.<br>-Жоқ.<br><br>Мақал- мәтелдер:<br>1.Сәуір болса күн күркірер.<br>Күн күркіресе, көк дүркірер.<br>2.Жел дауылды шақырады.<br>Бұлт жауынды шақырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Бұл тапсырма бойынша біз тәжірибе жинаймыз.<br>1.Қолдың ұсақ- ірі маторикасы.<br>2.Тәжірибе сабақ, ағаштың сарғайуы.<br>3.Аспаздық өнер, қыска дайындық. | 3.Тау бұлағымен сәнді,<br>Көл құрағымен сәнді.<br>4.Су бар жерде, өмір бар.<br>5.Тамшы тама берсе дария болады.<br>6.Өзен көркі тал,<br>Ел көркі мал.<br>7.Диханшы жерін мақтайды,<br>Балықшы көлін мақтайды.<br>8.Сулы жер құраксыз болмас,<br>Таулы жер бұлақсыз болмас.<br>9.Су табиғаттың ажары<br>10.Тау мен тасты су бұзар,<br>Ел арасын қу бұзар.<br>11.Ағаш тамырымен мықты,<br>Адам дос- жорамен мықты.<br>12.Сәуір болмай, тәуір болмас.<br>13.Табиғат жер байлығы,<br>Батырлар ел байлығы.<br>14.Адамның табиғатсы күні жоқ,<br>Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.<br><br>Балалар тәжірибе жасайды. |
| **Жетекші- жөндеуші** | Жарайсыңдар балалар!<br>Біз барлық тапсырмаларды орындай отырып ақ қайыңға | |

| | | |
|---|---|---|
| | көмектесіп, оның алтын түстес жапырактарын өзіне кайтардық.<br>Балалар біз бүгінгі іс-әрекетімізді өзіміздің табиғатқа деген сүйіспеншілігіміз бен камкорлығымызды көрсететін әнмен аяктайық.<br>Ән | Балалар өздерінің әні арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін көрсетеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Өлі және тірі табиғатты және жердің барлық тіршілік иесінің ортақ үйі екенін.

**Үйренеді:** Табиғатты аялауға, камқорлыкпен қарауға.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

# Ашық оқу-қызметі

**Тақырыбы:** «Шуақты көктем»
**Жүргізген:** Ж.Б.Сүлейменова

Шымкент 2021 ж.

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі:** Жаратылыстану

**Тақырыбы:** «Шуақты көктем»

**Мақсаты:** Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Көктем мезгілі туралы суреттер, құстардың суреттері, жақсы және жаман іс әрекеттердің суреттері, араны құрастыру, тал (жапырақтар, гүлдер, құстар, шөптер, төлдер) муляждары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиеші қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі** | Балалар, қараңдаршы<br>жарқырап күн шығып тұр,<br>бізге шуағын шашып тұр.<br>Қандай шуақты ерекше күн!<br>Және де бізге қонақтар келіп отыр екен, орнымыздан тұрып амандасып алайық.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Арайлап таң атты,<br>Күн сәулесін таратты.<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Қайырлы таң қонақтар! | Балалар шеңбер жасап тұрады, тақпа айтады. |
| **Ұйымдастырушы-ізденушілік** | Бүгін бізде ашық оқу-қызметі. «Шуақты көктем» атты тақырыпта. Мен қазір сендерге жұмбақ жасырамын.<br>**Жұмбақ:**<br>Қар еріп, су көбейіп, сай салаға ағады!<br>Ағаш басы бүршік шашып,<br>Гүл бәйшешек толады.<br>Ал, балалар айтыңдаршы<br>Бұл кай кезде болады? | Көктем мезгілі |

| | | |
|---|---|---|
| | Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? | Күн жылынады, қар еріп, жылғалардан су ағады, құстар ұшып келеді, жеміс ағаштары гүлдейді, жер беті көгереді. |
| | Дұрыс айтасыңдар, жаңа өздерің айтып өткендей күн жылынғанда құстар ұшып келеді дедіңдер, мына суреттерге қарап құстарды атап беріңдерші. | Тоқылдақ, сауысқан, қарлығаш, тырна, көкек, үйрек. |
| | Ал, енді мына суретке назар аударамыз. Мына сурет көктем мезгіліндегі ең алғашқы егістіктегі жұмыстар көрсетілген. Осы суреттерге қарап қысқаша әңгімелеп беріңдерші. | Тракторшы жер жыртып жатыр. Егінші дән сеуіп жатыр. Балалар көшет отырғызып су құйып тұр. |
| | Осы еңбектердің барлығы қай жыл мезгілінде жасалады? | Көктемде |
| | Көктем мезгілінің айларын атаңдар.<br>Наурыз айында қандай мерекелер бар? | Наурыз, сәуір, мамыр<br><br>8-наурыз Аналар мерекесі<br>22-наурыз Ұлыстың ұлы күні |
| | (Музыка әуенімен) Көктем аруы кіреді.<br>**Көктем:** Сәлеметсіңдер ме қонақтар, балалар! Көктем мезгілінің алғашқы айы Наурыз айы құтты болсын! Балалар мен туралы не білесіңдер? | Көктем, көктем, көктемде,<br>Құстар келіп жеткенде.<br>Қуанып бір қаламыз,<br>Әнмен қарсы аламыз.<br>Көктем қандай көңілді? |

| | | |
|---|---|---|
| | Рахмет балалар, көктем мезгілі туралы көп біледі екенсіңдер. Жарайсыңдар!<br>Балалар жұмбақ жасырсам шешесіңдер ме?<br>1.Таумен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады<br>Ол не?<br>2.Қыста киімін тастайды,<br>Көктемде киіне бастайды<br>Ол не?<br>3.Жылт-жылт етеді,<br>Жылғадан өтеді<br>Ол не?<br>**Тәрбиеші:** Біздің балалар аздап шаршаған сияқты, қане орнымыздан тұрып бір сергіп алайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Күн болып жанамыз,<br>Су болып ағамыз.<br>Терең-терең демалып,<br>Жүгіріп-жүгіріп аламыз.<br>**Көктем:** Балалар жер беті көкке оранып, ағаштардың барлығы бүршік атып, гүлдеп жатқанда, мына бір ағаш мүлдем бүршік атпай, гүлдемей қалыпты. Осы ағашқа көмектескілерің келе ме?<br>**Ұжымдық жұмыс:** «Ағашты киіндіру»<br>Ортаға ағаш қойылады.<br>Ағашта нелер пайда болады?<br>Жапырақтан соң нелер пайда болады?<br>Нелер ұшып келеді? | Күміс жаңбыр төгілді.<br>Мөлдір аспан ашылып,<br>Күн пердесі сөгілді.<br>Ия, шешеміз.<br>Күн<br>Ағаш<br>Су<br>Қимыл-қозғалыспен көрсетеді.<br>Ия, көмектескіміз келеді,<br>Жапырақтар пайда болады (3-4 бала жапырақтарды қыстырады.<br>Гүлдері пайда болады (2-3 бала гүлдерін қыстырады)<br>Құстар ұшып келеді . |

| | | |
|---|---|---|
| | | Күміс жаңбыр төгілді.<br>Мөлдір аспан ашылып,<br>Күн пердесі сөгілді. |
| | Рахмет балалар, көктем мезгілі туралы көп біледі екенсіңдер. Жарайсыңдар!<br>Балалар жұмбақ жасырсам шешесіңдер ме? | Ия, шешеміз. |
| | 1.Таумен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады<br>Ол не? | Күн |
| | 2.Қыста киімін тастайды,<br>Көктемде киіне бастайды<br>Ол не? | Ағаш |
| | 3.Жылт-жылт етеді,<br>Жылғадан өтеді<br>Ол не? | Су |
| | **Тәрбиеші:** Біздің балалар аздап шаршаған сияқты, қане орнымыздан тұрып бір сергіп алайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Күн болып жанамыз,<br>Су болып ағамыз.<br>Терең-терең демалып,<br>Жүгіріп-жүгіріп аламыз. | Қимыл-қозғалыспен көрсетеді. |
| | **Көктем:** Балалар жер беті көкке оранып, ағаштардың барлығы бүршік атып, гүлдеп жатқанда, мына бір ағаш мүлдем бүршік атпай, гүлдемей қалыпты. Осы ағашқа көмектескілерің келе ме?<br>**Ұжымдық жұмыс:** «Ағашты киіндіру»<br>Ортаға ағаш қойылады. | Ия, көмектескіміз келеді, |
| | Ағашта нелер пайда болады? | Жапырақтар пайда болады (3-4 бала жапырақтарды қыстырады. |
| | Жапырақтан соң нелер пайда болады? | Гүлдері пайда болады (2-3 бала гүлдерін қыстырады) |
| | Нелер ұшып келеді? | Құстар ұшып келеді . |

| | | |
|---|---|---|
| | Құстар қайда қонады?<br><br><br>Көк шөп қайда өседі?<br><br>Төлдер қайда ойнақтайды?<br><br><br>Бұның бәрі қай мезгілде болады?<br>**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар! Ал енді бәріміз бірге көктемге арнап ән айтып берейік.<br>**Ән: «Көктем келді»**<br>**Тәрбиеші:** Ал, енді бәріміз бірге ойын ойнаймыз ба?<br>**Ойын:** «Жақсы мен жаман»<br>**Мақсаты:** Сурет көрсету арқылы жақсы немесе жаман іс әрекет екенін айту.<br>1.Көшет отырғызу<br>2.Ағашты сындыру<br>3.Құстарға жем шашу<br>4.Құстың ұясын бұзу<br>5.Ағашқа су құю<br>6.Гүлдерді жұлу<br>7.Құстарға ұя жасау<br>Ой, жарайсыңдар, балалар. Енді аналарымызға арналған тақпақтарымыз айтып берейік. | Ағаштың бұтағына қонақтайды (2 бала құстарды отырғызады)<br>Жерде (2 бала әкеліп қояды)<br>Көк шөп үстінде (төлдерді орналастырады)<br><br>Көктемде<br><br><br><br><br><br><br>Ия<br><br><br><br><br>Жақсы<br>Жаман<br>Жақсы<br>Жаман<br>Жақсы<br>Жаман<br>Жақсы |
| **Жетекші- жөндеуші** | | **Төреғали:**<br>Аялы алақан,<br>Әлпештеп өсірген<br>Аяулы жан анам<br>Қатемді кешірген<br>**Томирис:**<br>Ана біздің күніміз<br>Ана біздің гүліміз<br>Бізді ана қуантып<br>Ұзақ өмір сүріңіз<br>**Нұрсезім:**<br>Анам кетсе жұмысқа<br>Анашымды сағынам. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Құлағына сыбырлап<br>Анама арнап ән салам.<br>**Райан:**<br>Ана пана,<br>Ана дана.<br>Өмірді әкелетін,<br>Ана ғана!!!<br>**Дана:**<br>Біз доспыз гүлдермен,<br>Текке оны жұлмаймыз<br>Той күні бір-бірден<br>Аналарға сыйлаймыз.<br>**Айзере:**<br>Баланың да тірегі<br>Дананың да тілегі<br>Ауырмасын ешқашан<br>Анамыздың жүрегі<br>**Айым:**<br>Жанымызды жайнатқан<br>Өзіңіз ғой аналар<br>Зор денсаулық, мол бақыт<br>Тілейміз біз балалар.<br>**Б.Муслим:**<br>Ақ анашым, аппағым,<br>Өзің жайлы тақпағым<br>Өзің жайлы әнім де,<br>Арнадым саған бәрін де<br>**Аружан:**<br>Қызықтап әр сөзімді<br>Жүрегінде сақтаған,<br>Сабырлы да төзімді<br>Анашыммен мақтанам<br>**Айлин:**<br>Бізді өсірген анажан.<br>Еңбегіде зор екен.<br>Құтты болсын анажан!<br>Құтты болсын мерекең!<br>**Ғаламнұр:**<br>Әр сөзімді жаттаған,<br>Ғаламнұр<br>Жүрегімде сақтаған. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Анашым деп мақтанам,<br>Айналайын ақ анам.<br>**Бекнұр:**<br>Мен айтамын тақпақ,<br>Анамды мақтап.<br>**Айша:**<br>Менің анам әдемі,<br>Менің анам әппақ.<br>**П.Мусик:**<br>Ақ қабақты анашым,<br>Күн сәулелі анашым. |
| | Жарайсыңдар, балалар ал енді және бір ойын ойнайық<br>**Ойын: «Аралар»**<br>**Мақсаты:** Араның бөлшектерін құрастыру.<br>Келесі ойынымыз<br>**Ойын: «Смайлик»**<br>**Мақсаты:** Әр түрлі смайлик бет бейнелері балаларға таратылады. Ал, балалар өз қолдарындағы смайлик бет бейнесін қайталауы керек.<br>**Тәрбиеші:** Балалар қолдарыңдағы смайликтерде әр түрлі көңіл күйлер бейнеленген. Мысалы: көңілді, мұңлы, ашулы, қуанышты сәттері. Бірақ біздің әр күніміз тек қуанышқа толы болсын. Олай болса аналарымызға арнап әнімізді орындап жақсы көңіл күймен оқу қызметімізді аяқтайық.<br>**Ән: «Ай дидарлы анашым»** | Топқа бөлініп құрастырады<br><br><br><br><br>Қайталап көрсетеді. |

**Күтілетін нәтижелер:**

**Біледі:** Көктем мезгілінің ерекшеліктерін. Құстардың аттарын. Жұмбақтар шешуді.

**Игереді:** Көктем мезгілінде кімдер қандай еңбек жасайтынын

**Меңгереді:** Ойындар арқылы көптеген іс-әрекеттерді, жауап беруді.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

# Ата- аналарға кеңес

**Тақырыбы:** «Өрт қауіпсіздігін алдын алу»

«Ботақан» ересек тобы

# «Өрт қауіпсіздігін алдын алу»

«Балалардың тентектігі себебінен тұрмыстағы өрттердің алдын алу».

Балалардың отпен ойнауы жиі өрттің себебі болады.

Тәжірибе көрсеткендей, мұндай өрттер балалардың абай болу дағдыларына байланысты жиі кездеседі.

Отпен жұмыс істеу, олардың мінез-құлқын ересектер тарапынан жеткіліксіз бақылау, ал бірқатар ата-аналардың балаларының бос уақытын ұйымдастыра алмау жағдайлары.

Үш жастан жеті жасқа дейінгі балалар өз ойындарында ересектердің әрекеттерін жиі қайталайды, олардың жұмысына еліктейді. Тәуелсіздікке деген ұмтылыс әсіресе, балалар жалғыз қалған кезде көрінеді. Осындай келеңсіз жайттардан аулақ болу үшін балаларға келесі ережелерді жеткізіңіздер:

*- Пәтердегі өрт қауіпсіздігі.*

*-Үйде сіріңкелер мен шамдармен ойнамаңыз.*

*-Іске қосылған электр құралдарын, әсіресе үтіктерді, жылытқыштарды, теледидарды, шамдарды және т.б. қараусыз қалдырмаңыз. Үйден шыққан кезде оларды өшіруді ұмытпаңыз.*

*-Газ плитасын өшіруді ұмытпаңыз. Егер сіз газдың иісін сезсеңіз, сіріңке жағып, жарықты қоспаңыз. Пәтерді шұғыл түрде желдетіңіз.*

*-Ешқандай жағдайда үйде ересектерсіз отшашулар, шамдар немесе бенгал шамдарын жағуға болмайды.*

Балаңыздың өмірі сізге және тек сізге байланысты!

**«Нұрай » мектепке дейінгі шағын орталық**

# Ата – аналарға арналған кеңес

**Тақырыбы:** « Бағдаршам»

# Бағдаршам

**Балалардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс- жүзінде пайдалана білуін жетілдіру.**

**Жолда жүру адам өмірінің қауіпсіздігінің алдын алу. Бағдаршам туралы жол ереженің маңызды екенін ұғындыру. Балалардың өмірін сақтау үшін жол қауіпсіздігінің ережелерін орындауды дамыту.**

**Балалардың жолда жүру қауіпсіздігінің алдын алу**

- ***Бағдаршамның жануын қадағалау***
- ***Бағдаршам қызыл жанғанда тоқтау***
- ***Бағдаршам сары жанғанда дайындалу***
- ***Бағдаршам жасыл жанғанда жүру керектігін ұғындыру.***

**«Нұрай » мектепке дейінгі шағын орталық**

# Ата-аналарға кеңес

Тақырыбы: « **Көшедегі қауіпсіздік** »

**«Ботақан » ересек тобы**

# «  Көшедегі қауіпсіздік »

Жылдан жылға автомобильдер ағыны артып келеді, сонымен бірге жол-көлік оқиғаларының саны өсуде. Жыл сайын жолдарда ондаған бала қайтыс болады, мыңнан астамы ауыр жарақат алады.

Сондықтан балалардың жолдардағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі өте маңызды және әр түрлі. Автомобиль көлігі қозғалысының қарқындылығының өсуі жағдайында жолдардағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасы ерекше .

Балаларға күнделікті жолдардағы тәртіп ережелері бойынша нұсқау беру қажет!

Балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу жөніндегі жұмыста тек балабақшамен ғана шектелуге болмайды  ата аналарда өз үлестерін қосу.

Көшеде балалардың түрлі қауіпсіздік ережелерімен жиі ескертіп отыру керек

- Жолға шыққанда жол ережелерін сақтап жүр
- Бағдаршамның жанғанын күту
- Жаяу жүргіншілер жолымен жүру
- Балаларды жеке үлкендердің карауынсыз жібермеу

Жоғарыда аталған ережелерді ескере отырып балаларлың көшеде жүргенде қауіпсіздік шараларын екертуіміз керек.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын-орталық» жеке мекемесі

# Ата-аналарға арналған жаднама

## «Қарлығаш тобы»

## Мектеп алды даярлық тобы

**Құрметті ата-аналар!**

**Балалардың қауіпсіздігін сақтау үшін «Жоқ» деген іс-әрекетке үйретіңіз:**

1. Егер сіздің балаңызға үйге қонақ бол деп шақырса, немесе үйге дейін апарып таста десе, (мейлі ол көршіңіз болсын) .
2. Егер сіздің балаңызды мектепке таныс емес адам үйге алып кету үшін келсе.
3. Егер сіздер үйде жоқ кезде бейтаныс адам келіп балаңызға үйге кіргізуді сұраса,
4. Егер сіздің балаңызға бейтаныс адам бірге тамақтануды, ұсынып, бос уақытын бірге өткізуді сұраса,
5. Егер бейтаныс адам сіздің балаңыздан белгісіз мекен-жайды сұрап, сөмкесін көтеруді немесе дүкенге дейін шығарып салуды өтінсе «жоқ» деп жауап беруді үйретіңіз.

**Балаңызға бірнеше сөз тіркестерін үйретіңіз.**

1.Рахмет, бірақ менің ата-анам таныс емес адамның үйіне баруыма қарсы болады,

2.Кешіріңіз, мен ешқашан ешқайда бара алмаймын,

3.Жіберіңіз мен әйтпесе айқайлаймын. Осындай түрлі ситуациядан шығудың жолын балаңызбен дайындалыңыз.

«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын - орталық»
жеке мекемесінің меңгерушісі
________Ағабекова Э. Қ

# Ашық сабақ

## Ал – сөйлейік балақай

*Жүргізуші: Шекербекова.А.Е*

**І І Кіші «Күн» тобы**

**2022 оқу жылы**

**Оқу іс – әрекетінің**

**Білім саласы:** Қатынас

**Білім бөлімі:** Сөилеуді дамыту

**Тақырыбы :** Ал сөйлеиік балалар

**мақсаты :** Балалардың ойлау қабілетін, еске сақтау дағдысын бекіту.

**Дамытушылығы :** баланың тілін, ой- өрісін, өздігінен жұмыс істей білуге дағдыландыру.

**Тәрбиелігі:** Көзбен көргенін есте ұстап сақтауға, шығармашылық еңбек ете білуге, дарғырлыққа, тапқырлыққа , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Әдісі:** Түсіндіру, тапсырма беріп, жауап алу. Көрнекіліктермен жұмыс жасау.

**Көрнекілігі:** Суреттер

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиеші қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрлері | Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар. Бүгін «күн» тобының « Ал сөйлейік » Атты іс – әрекетіне қош келдіңіздер.<br><br>Балалар бүгін бізге қонақтар келген екен. Олай болса қонақтармен сәлемдесейік.<br><br>**Салемдесу**<br><br>Жарайсыңдар балалар!<br>Балалар бүгінгі іс – әрекетімізде біз не өткенімізді ексе түсіреміз.<br><br>Балалар кәзір жылдың қай мезгілі?<br><br>Жарайсыңдар балалар!<br><br>Балалар кәзір күз мезгілі дұрыс айтасыңдар, табиғаттың құбылатын кезеңі<br><br>Балалар жаңбыр қалай жауады? | **Сәлемдесу.**<br><br>Сәлем күн<br>Сәлем жер<br>Аман есен болайық<br>Күзді біз қарсы алайық<br><br>**Шаттық шеңбері:**<br><br>Қуанамын менде.<br>Қуанасың сенде,<br>Қарсы алайық достарым!<br>Келді бізге қонақтар.<br><br>Күз<br><br>Тырс-тырс-тырс |

**Оқу іс – әрекетінің**

**Білім саласы:** Коммуникация

**Білім бөлімі:** Сөилеуді дамыту

**Тақырыбы :** Ал сөйлеиік балалар

**мақсаты :** Балалардың ойлау қабілетін, еске сақтау дағдысын бекіту.

**Дамытушылығы :** баланың тілін, ой- өрісін, өздігінен жұмыс істей білуге дағдыландыру.

**Тәрбиелігі:** Көзбен көргенін есте ұстап сақтауға, шығармашылық еңбек ете білуге, дарғырлыққа, тапқырлыққа , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Әдісі:** Түсіндіру, тапсырма беріп, жауап алу. Көрнекіліктермен жұмыс жасау.

**Көрнекілігі:** Суреттер

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиеші қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрлері | Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар. Бүгін «күн» тобының « Ал сөйлейік » Атты іс – әрекетіне қош келдіңіздер.<br><br>Балалар бүгін бізге қонақтар келген екен. Олай болса қонақтармен сәлемдесейік.<br><br>**Салемдесу**<br><br>Жарайсыңдар балалар!<br>Балалар бүгінгі іс – әрекетімізде біз не өткенімізді ексе түсіреміз.<br><br>Балалар кәзір жылдың қай мезгілі?<br><br>Жарайсыңдар балалар!<br><br>Балалар кәзір күз мезгілі дұрыс айтасыңдар, табйғаттың құбылатын кезеңі<br><br>Балалар жаңбыр қалай жауады? | **Сәлемдесу.**<br><br>Сәлем күн<br>Сәлем жер<br>Аман есен болайық<br>Күзді біз қарсы алайық<br><br>**Шаттық шеңбері:**<br><br>Қуанамын менде.<br>Қуанасың сенде,<br>Қарсы алайық достарым!<br>Келді бізге қонақтар.<br><br>Күз<br><br>Тырс-тырс-тырс |

| | | |
|---|---|---|
| | Жел қалай дыбыс шығарады?<br><br>**Жұмбақ**<br><br>Астық пісіп орақ орып<br>Қырма дәнге толады<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл қай кезде болады<br><br>Ал енді балалар сендерге тапсырма,<br>Алдарыңдағы талдарға жапырақтар жапыстырамыз<br><br>Балалар көк өніс пен жемістердің сыңарын табады<br><br>Балалар көк өністер мен<br><br>жемістерді сурет арқылы атап<br><br>ажыратады және өз қалташасына салады.<br><br>Балалар денсаулығымызға зиянды және пайдалы заттарды білемізбе<br><br>Пайдалы заттар<br><br>Зиянды заттар<br><br>**тақпақ** | Ш-ш-ш-ш<br><br>Күз<br><br>Тәрбиешінің көмегімен жасайды<br><br>Балалар қызыға жасайды<br><br>Сәбіз,картошка,<br>пияз,қызынақ,қияр<br><br>Алма,алмұрт,құлпынай,жүзім, т.б<br><br>ия<br><br>алма, алмұрт,құлпынай, т.б<br><br>шоколад,балмұздақ,ккла,т.б<br><br>Ақмет<br><br>Астық жеміс жиылды<br>Қамбаға құйылды<br><br>Айдар<br><br>Алма алмұрт піседі<br>Жапырақтар сарғайып<br>Сыбдыр, сыбдыр түседі |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті** | Ерәлі<br><br>Жетті желмен алтын күз<br>Жеміс жинау салтымыз<br>Жиып теріп болған соң<br>Той жасайық халқымыз |
| | Балалар сендер бала бақшаға келгенді жақсы көресіңдерме?<br><br>. | ия |
| | Балалар сендер көліктер түрлерін білесіңдерме?<br><br>**Көліктер түрін атаңдаршы.**<br><br>Суда жүзетін көліктер ?<br><br>Әуедк ұшатын көліктер?<br><br>Жерде жүретін көліктер?<br><br>Темір жол көлагі ? | ия |
| | Балалар сендер түстерді білесіңдерме? | Ия қызыл ; сары,жасыл. |
| | Бағдар бағдаршам түстерін білесіңдерме?<br><br>Бағдаршам түстерін өз орнына қойып шығады. | ия |
| | Үй жануарлары<br><br>Мен<br><br>жабайы жануарларды<br><br>ажырату және олардың төлдерін табу | Түие,сиыр, қой, т.б<br><br>Аю, арыстан,қасқыр, т.б |
| | жануарлардың астығын тап | Қызыға астықтарын табады |

| | | |
|---|---|---|
| **Жетекші - жөндеуші** | Балалар бұрыштарды тауып өз орындарына орналастырады<br><br>Балалар бүгінгі іс – әрекетіміз сендерге ұнады ма?<br><br>Біз не істедік?<br><br>Балалариенді біз қонақтармен қоштасайық. | Үш бұрыш, шеңбер,төрт бұрыш, т.б |
| Жетекші - жөндеуші | Балалар бүгінгі іс – әрекетіміз сендерге ұнады ма?<br><br>Біз не істедік ?<br><br>Балалар енді біз қоштасайық. | ия<br><br>күзгі талды жасадық,<br>көк өніс пен жемістерді білдік<br>үй жануарымен жабайы жануарды ажырата білдік<br>жануарлардың азықтарын таба білді. |

«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын - орталық»
жеке мекемесінің меңгерушісі
__________Ағабекова Э. Қ

# Ана – гүл, Ана – өмір шуағы

II кіші «Күн» тобы

**Дайындаған: Шекербекова. А.**

2022оқу жылы

Әуенмен балалар кіреді.

**Жүргізуші:** Армысыңдар аяулы аналар, құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыздар! Барлығы асыға күткен көктемнің алғашқы күнімен бірге келген

8 – наурыз халқаралық әиелдер күні келіп жетті бұл - бір қолымен бесікті,

Екінші қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзік жанды қыздар.

Құттықтау сөзімізді «Нұрай» балабақшасының менгерушісі Эльниса

Қуанышбекқызына береміз.

Сенен өскен балалар,

Батырлар мен даналар .

Құттықтаймыз меирамме н,

Құрметті жан аналар .

Ән:

Еркелетіп өсірген,

Тентек болсам кешірген.

«Айналайын күнім», -деп

Меркиімді өсірген.

Ай дидрлы анашым!

Ақыл айтар данасың.

Аман болшы арқашан,

Деп тілейді балашың.

Тең көрмейтін ешкімге,

Орны бөлек дарасың!

К / сы

Жүрегімде бар ізің

Өзіңе мол қарызым!

Мәңгі бақи алдыңда

Өтей алман парызым!

Ай дидарлы анашым!

Ақыл айтар данасың.

Аман болшы арқашан,

Деп тілейді балашың.

Тең көрмейтін ешкімге

Орны бөлек дарасың!

**Тақпақтар:** Сұлтан Бейбарыс

Ана бңздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Рабия

Менің әжем гүл әжем

Алтын әжем күн әжем

Анам үшін мен үшін

Нағыз ана тілі әжем

**Жүргізуші:** балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда

Адамдарға қуаныш силайтын. Сиқырлы көктем!

**Олай болса балалар мерекеге көктемді шақырайық**

**Көктем:**

Дала гүлге бөленеді

Қуанышқа кенеледі

Орман трғай бақтарда

Өйткені мен көктеммін

Құстар сайрай жөнеледі

Шұғыламды төкенмін.

Балалар және тәрбиешілер сіздерді мерекемен құтықтаймын.

**Жүргізуші:** Рахмет көктем біздің балаларымыздың өзіңізге деген өнерлері бар

**Би:** Көбелектер

Тақпақ:

Аяна

Мен айтамын тақпақ,

Анамды мақтап.

Менің анам әдемі,

Менің анам аппақ.

Құралай

Көктем келді алақай.

Кел бейлейік балақай

Бақкелді

Көктем қандай көңілді,

Күміс жаңбыр төгілді

**Көктем:** Балалар ойын оинағыларың келеме? Мен сендерге ойын ала келген едім,

Сендер аналарыңа көмектесесіңдерме?

Балалр: ия

Оиын: Гүл жинау

**Көктем:** Олай болса мен кетейін сендерге үқсаған басқа бала бақшаның балалары

Да күтіп отр екен.

Балалар мен сендерге бір силық ала келдім ол жай силық емес ол сиқырлы

Сандықшаны тарту етемін, апайларыңмен ашып көрерсіңдер. Сау болыңдар.

**Жүргізуші:** Балалар қандай қызық қорапша ой мен аша алмай жатырмын

Буны кілтпен ашу керек екен, «Ә» міне кілті

Кім бүгін бізбен қалжыңдасуға келген екен?

**Бүзақы :** ол мен бүзақы балалар сендерде не болып жатыр?

**Жүргізуші :** біздің кілтімізді бер бүзақы сен қайдан келе жатсың?

**Бүзақы :** мен бүзақылық жасағаннан кеиін анам далаға қуып жіберді

**Жүргізуші :** Анаңның мазасын алатын күн емес қой бүгін аналардың

Мерекесі сондықтан сен бүзақы бала бізбен бірге ертеңгілікте

Өлең айтып, би үйреніп анаңды қуант.

**Сергіту сәтті**

**ХОКИ ПОКИ**

**ӘН : Анамның шайы**

Мен барған сайын

дастархан дайын

Қояды құртын

тосады майын

ля – ля , ля – ля –ля

әжемнің шаиы

дейді әжем жаным,

татып көр дәмін,

шынында шәдің

біледі бабын.

Ішкенсоң шайын

Әжемнің үйінде

Құйямын шаиын,

Әжемнің менде,

Ля –ля, ля –ля –ля

Әжемнің шайы

**Оиын :** гүлдерді құрастыру

**Жүргізуші:** бұзақы ал енді бізге кілті бер.

**Бұзақы :** жарайды балалар сендерге рахмет ал мен анамды қуантаиын.

**БИ: ПОМАГАТР.**

**Сайқы мазақ** . салем, салем балалар бұл жерде не болып жатыр ?

**Жүргізуші :** салем сайқы мазақ балалардың, аналарына деген мерекелі болып жатыр

Кел балалармен көңіл көтер.

**Тақпақ:**

Бексұлтан

Әлпештеген аялаған,

Ақ сүт берген анашым.

Найля

Менің әжем гүл әжем

Менің әжем күн әжем

**Сайқы мазақ келеді**

**Оиын** : шариктерді қорапшаға салу

**БИ** :

Бала , бала балапан.

«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын орталық»
меңгерушісі
__________ Ағабекова Э.Қ.

# Ертеңгілік

**Тақырыбы:** «Қош келдің жаңа жыл!»

**Жүргізген: Сүлейменова Ж.**

2022ж

# Қош келдің жаңа жыл!

**Жүргізуші:** Армысыздар, аяулы ұстаздар, ата- аналар!
Сәлеметсіздер ме, балалар! Сендер бүгін сәнді киініп, әдемі болып отыр екенсіңдер, олай болса бүгінгі мерекемізді бастайық. Әр жылдағы жаңа жыл Қарша қыз бен Аяз атасыз өткен емес. Олай болса алдымен Қарша қызбен Аяз атаны шақырайық.

**Балалар:** (хормен) Аяз ата, Қарша қыз!- деп шақырғанда ортаға Мыстан кіреді.

**Жүргізуші:** Мыстан біз сені танып қойдық, біз мүлдем сені шақырған жоқпыз.

**Мыстан:** (сылқылдап күліп)- Ойбууй мені танып қойдыңдар ма?! Ақыры келген екенмін бәріңмен амандасып қояйын. Сәлем балақайлар- қошақандар, Хэллоу ата-аналар, апайлар!
Жарайды маскировкам іске аспаған екен, онда мен қайттым.

**Жүргізуші:** Мыстан қоя тұр, кетпе, Аяз ата мен Қарша қыз келмей қойды, сен бізге қандай көмек бере аласың?

**Мыстан:** Жандарым, жалғыздарым мен біліп едім Аяз ата мен Қарша қыздың келмей қалатынын.
Ештеңе етпейді, уайымдамаңдар, әжелерің сендермен бірге. Қазір бәрін түзеймін (басын қасып тұрып қалады). Не істесем екен, ааа... Маған қараңдаршы. Шашым ұзын жібектей, көзім үлкен ботадай, мұрным қандай әдемі, ал фигурам керемет немене Қарша қызға ұқсамаймын ба?

**Балалар:** Жooок!

**Жүргізуші:** Мыстан сен әзірге ойлана тұр, ал балалар әсем әнін орындасын.

**Ән:** «Шырша жыры»

**Мыстан:** Балалар маған бір ой келді. Қазір бәріміз бірге ел аралауға шығамыз. Биылғы жаңа жылды ерекше қарсы алғыларың келе ме? Олай болса орнымыздан тұрамыз, қолымызды ашамыз, менің сыйқырлы сыпырғыммен ұшамыз. Ал ұштық.

**Мыстан:** Үйбай мына сұлуларды неге жұлқисыңдар, жабайылар.

**Алибаба:** Мен Алибабамын, қасымдағы қарақшыларым. Бұл Үндістан елі.

**Мыстан:** Үндістан, пүндістаныңды білмеймін, біздің елде қыздарды алақанға салып аялайды, бұларың не ұят емес пе?

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме! Мыстан дұрыс айтты, мына қылықтарыңыз өте ұят екен. Қыздар өте нәзік гүл сияқты, оларды қайта қорғауымыз керек.

**Алибаба:** Ия, дұрыс айтасыз бізді кешіріңдер қыздар.

**Жүргізуші:** Міне дұрыс болды. Олай болса жаңа жылдық тақпақтарың болса айта қойыңдар.

**Ханшайым:** Жаңа күнде ән қылып
Тек жүреміз ән құрып
Көңілдердей қартаймай
Шырша тұрар мәңгілік

**Аружан:** Жаңа жыл- жаңа қадам, жаңа бақыт
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт
Барыс жылы келіп қалды ортамызға
Жақсылықпен жалғассын жаңа уақыт

**Айлана:** Жасыл шырша жағылды
Көңілдіміз бәріміз
Тақпақ айтып, ән айтуға
Әрқашанда дайынбыз

**Маржан:** Жаңа жылда жаңа бақыт тыныштық
Жаса, жаса, достық, бірлік туыстық
Құттықтаймыз келер жылды алдағы
Ескі жылмен қоштасамыз біз ыстық

**Мариям:** Әкелді жаңа ырыс құт
Әлемде той тамаша
Жарқын өмір жаңаша
Жаңа жылы тамаша

**Жаңыл:** Мәз болып жиналып көп бала
Бір- бірін құшақтап топтала
Ойыншық ілініп тұр шыршаға
Неткен ойыншық көп мұншама
Дайын тұр тақпақ пен әніміз
Әрдайым құлпырсын сәніміз

**Би:** «Үнді»

**Жүргізуші:** Қандай керемет би, киімдері де қандай әдемі. Ал біз сапарымызды әрі қарай жалғастырамыз.

**Мыстан:** Ұштық, ұштық!

Музыка ойнайды, ортаға атқа мінген Кавбойлар кіріп Мыстанды ұстап алады.

**Жүргізуші:** Тоқтаңыздар біз қайдамыз?

**Кавбой:** Буэнос диас! Бұл Мексика! Мексикада дүние жүзіндегі ең ірі қаласы Мехико орналасқан. Мехико ұлы тарихымен ерекшеленген мемлекет.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіз бе! Біз жаңа жылды тойлап сапарға шығып сіздерге тап болдық, біздің әжейді жібересіз бе?

**Кавбой:** Жарайды, жіберіңдер!

**Жүргізуші:** Рахмет, ал сіздерде қандай да бір өнерлеріңіз бар ма?

**Кавбой:** Әрине, бар!
**Али:** Келіп қалды Жаңа жыл
Көңіл өсіп кеңейсін
Ортақ ойы арманы
Жақсы достар көбейсін

**Ерғазы:** Оранды өлкеме
Жаңа жыл армысың
Оранды ақ көрпе
Асқар тау қарлы шың

**Қ.Алинұр:** Құтты болсын жаңа жыл, барша халық
Қуанышқа, шаттыққа тамсанайық
Бірімізге шынайы тілек тілеп
Бар әлемге бақытпен жар салайық.

**Мансур:** Кел, жаңа жыл! Төрле-төрле жеріме!
Құт береке боп келгейсің еліме
Үміт арттым армандарға аяулы
Шаттығына бөлегейсің бәрін де!

**Нұржігіт:** Жаңа жылға арналады жаңа жыр
Жаңа жылға шақырады жаңа өмір
Бақыт болып Жаңа жылым келді ғой
Құтты болсын, құтты болсын жаңа жыл!

**Мыстан:** Құрысын тез-тез кетейікші мына жерден,
Ұштық,Ұштық!

**Жүргізуші:** Ой, балалар біз қайда келдік? Ана қоянды қарандаршы қандай сүйкімді.

**Мыстан:** Оххооо... Не деген биік үйлер? Қала деп осыны айт.

**Қоян:** Хеллау, хеллау. Сіздер Америкадасыздар. Біз жаңа жыл мерекесін тойлап жүрміз.

**Жүргізуші:** Олай болса біздің жаңа жылдық әнімізді қабыл алып, сосын сіздердің өнерлеріңізді тамашалайық.

**Ән:** «Келді міне жаңа жыл»
**Әдемі:** Шырша қандай керемет
Ойыншықтар ілінген
Жымың қағып шамдары
Бүкіл қызық тірілген

**Айзере:** Шыршамызды әсемдеп
Ән шырқаймыз билейміз
Өзімізде күлімдеп
Жабырқауды білмейміз

**Айлин:** Қала нұр, дала нұр
Құтты болсын жаңа жыл
Шырша жаны көңілді
Билеп барлық бала жүр

**Томи:** Әкелді жыл ырыс- құт
Әлемде той тыныштық
Ән салайық тамаша
Би билейік жаңаша

**Нұрила:** Жаңа жылды тойлайық
Ойнап асыр салайық
Атамыздың сиқырлы
Таяғымен ойнайық

**Дана:** Қуанышты ортамыз сазға ұласқан
Тілегім болсын мәңгі ашық аспан
2023 жылы қадам басқын
Гүлденіп көркейе бер Қазақстан
**Би:** «Жаңа жыл»

**Мыстан:** Ал, кеттік ары қарай ұштық, ұштық!

Бір кезде дауыл тұрып, теңіздің дауысы естіледі.

**Мыстан:** Ой, ой, ой! Не болып кетті?!

Ортада Қарақшылар кеменің үстінде Аяз ата мен Қарша қызды ұстап алып тұрады.

**Қарақшы:** Бонжур, модам! Мен атақты Джек Воробеймін. Франция еліненбіз.

**Жүргізуші:** Қандай керемет, атақты елде тұрасыздар. Біз балалармен жаңа жыл мерекесін тойлауға шығып едік. Сіздер біздің Аяз атамызбен Қарша қызымызды тұтқынға алыпсыздар, оларды жібересіздер ме?

**Балалар:** Жіберіңізші!

**Қарақшы:** Жаңа жыл дейсіңдер ме, ал сендердің қандай өнерлерің бар?

**Мыстан:** Бізде, бізде! О- таптым, біз ойын ойнай аламыз. Қане бізді тамашалап отырған ата- аналармен ойын ойнайық.
**Ойынның шарты:** басымызға тағылған суреттегі бейнені табу, ол үшін мынандай сұрақтар қою арқылы табуға болады.

1. Мен жандымын ба, жансызбын ба?
2. Мен жануармын ба, өсімдікпін ба, адаммын ба?
3. Мен үй ішіндемін ба, даладамын ба?

**Байназар:** Келді тағы жаңа жыл
Қуантумен біздерді
Құтты болсын жаңа жыл
Құттықтаймыз сіздерді

**Мұхамеджан:** Жылдың әнін бастайын,
Аяз ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

**Айбол:** Ақ қырауға малынған,
Сақалы да, мұрты да,
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.
**Н.Алинұр:** Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.
**Мусик:** Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын.

**Қарақшы:** Керемет, маған ойындарың ұнады, жарайды Аяз атамен Қарша қызды босатамыз. Бізде жаңа жылға дайындалып тақпақ жаттап,би үйрендік.
**Би:** «Қарақшылар»

**Мыстан:** Бұндай саяхаты құрысын, апай үйге қайтайықшы.

**Жүргізуші:** Әрине, балабақшаға оралатын уақыт келді, Аяз ата мен Қарша қызды да таптық.

**Аяз ата:** Балалар, Мыстан сендерге үлкен рахмет бізді құтқарғандарыңа. Олай болса жаңа жылдық әнді айтып, ал Мыстан сиқырымен бізді ұшырып балабақшаға алып барсын.
**Ән:**

**Мыстан:** Балалар, бүгінгі саяхатымыз қалай ұнады ма?
**Балалар:** Иә, ұнады!

**Мыстан:** Ал, маған мүлдем ұнаған жоқ, мұндай жаңа жылдың. Кеттім мен қош сау болыңдар!

**Аяз ата:** Балалар, мерекелік кештеріңде басынан бастап бола алмадым, сондықтан сыйлығымды қалай беремін деп ойланып тұрмын.

**Қарша қыз:** Аяз ата балалардың бір жылда өздерін жақсы, тәртіпті ұстаған болса сыйлықтарды беруімізге болады. Оны апайларынан сұрайқ.

**Жүргізуші:** Аяз ата, Қарша қыз біздің балалар 1 жасқа есейіп, өздерін өте тәртіпті ұстап, оқуда озат болып жүр. Сіздерді келеді деп ән, тақпақ жаттады, би билеп үйренді. Сол себепті сыйлықты барлық балаларымызға берсеңіздер болады.

**Аяз ата:** Олай болса балалар қонақтар жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Қане, Қарша қыз шыршаның астындағы сыйлықтарды балаларға табыстайық.

«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын орталық»
меңгерушісі
____________ Ағабекова Э.Қ.

# Ертеңгілік

**Тақырыбы:** «Алтын күз»

**Жүргізген: Сүлейменова Ж.**

2022ж

# «Алтын күз»

**Жүргізуші:**Құрметтер әріптестер, қонақтар!
«Алтын күз» атты мерекелік ертеңгілігімізге хош келдіңіздер!
Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын:

Қызыл, сары кемелер,
Су бетінде қалқиді.
Соқса егер салқын жел,
Ырғалады толқиды.
(Жапырақ)

Жарайсыңдар балалар! Олай болса сендердің күз туралы тақпақтарыңды тыңдайық.

**Мариям:**

Алтын, алтын, сары алтын,
Алтын күзде нұр датыр.
Біз мектепке баратын,
Алақай-ау күн жақын.

**Байназар:**

Алтын сары, қызыл, көк,
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгеі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

**Дана:**

Алтын нұрдай тамшылап,
Жапырақтар төгіледі.
Біздің өмір тау шуақ,
Біздің өмір көңілді.

**Али:**

Біреу астық түсіріп,
Біреу бидай ұшырып.
Жатқан мезгіл күз екен,
Алдым соны түсініп.

**Н.Алинұр:**

Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,Қандай әсем күз.

**Ән:**

**Жүргізуші:** Балалар менің сендерге жасырар тағы да жұмбақтарым бар, кәне шешіп көреміз бе?

Жаздай інге тығылып,
Жатқан қызыл түлкіні.
Құйрығынан суырып,
Әкелді әжем бір күні. (Сәбіз)
Үстіне тігіп көк шатыр,
Астында қызыл дәу жатыр. (Қызылша)
Жайлы жұмсақ төсегім,
Домаланып өсемін.
Қабат-қабат тоным бар,
Қалай оны шешемін? (Қырыққабат)
Көмдім тағы түйірлеп,
Қазып алдым үйірлеп. (Картоп)

**Жүргізуші:** Олай болса «Көкөністер» тобын қарсы алайық, өнерлерін тамашалайық.

**Мансур:**

Асханадан шықпаймын,
Атым-пияз, бұқпаймын.
Көзден жасты шығарып,
Тұмаудан бірақ сақтаймын.

**Айзере:**

Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды.
Қоянғада азықпыз,
Сәбіздерміз жазықсыз.

**Алинұр:**

Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып.
Тұрған ол мен-қызанақ,
Күнге қарап ұялып.

**Айлана:**

Бақшаларда тізіліп,
Қаперсіз мен жатамын.
Қабат-қабат киініп,
Қырық қабат атандым.

**Нурила:**

Иісім жұпар аңқыған,
Бақшадағы шырынмын.
Жеп көргендер тамсанған,
Балдай тәтті қауынмын.

**Би:** «Комбайншы»

**Айлин:**

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

**Дастан:**

В ноябре лесные звери
Закрывают в норках двери.
Бурый мишка до весны
Будет спать и видеть сны.

**Жүргізуші:** Олай болса жемістердің өнерлерін тамашалайық.

**Маржан:**

Іші толған шәрбат,
Дәмі сондай әйбат.
Үзесің бірден жүзін,
Менің атым-Жүзім.

**Ерғазы:**

Сырты қандай қатты,
Дәні сондай тәтті.
Шағып қара таңдап,
Менің атым-Жаңғақ.

**Томи:**

Дөп-дөңгелек сары,
Ішінде бар дәні.
Қызығасың көріп,
Менің атым-Өрік.

**Әдемі:**

Бір сабақта көп түйме,
Жей алмайсың көк күйде.
Санап қара қанша,
Менің атым-Шие.

**Аружан:**

Жапырақты тасалап,
Өсетін жері бақша-бақ.
Күрең қызыл шіркін-ай,
Менің атым-Құлпынай.

**Мусик:**

Картоп біздің атымыз,
Жер астында жатамыз.
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз.

**Ән:**

**Саңырауқұлақ:** Сәлеметсіңдер ме балалар, мені таныдыңдар ма?

**Балалар:** Ия, таныдық. Саңырауқұлақсың.

**Саңырауқұлақ:** Мен сендерді «Алтын күз» мерекесімен құттықтауға келдім, жалғыз емес кішкентай достарыммен бірге келдім.

**Би:** «Саңырауқұлақ»

**Ойын:**

**Нұржігіт:**

Қазан айы молшылық,
Дәулет қорын қалаған.
Заңғар қане қол соғып,
Құстар ұшып барады.

**Ханшайым:**

Қыстың жақын қалғанын,
Жапырақтар сезгендей.
Желмен ұшып барады,
Жерге қонып үлгермей.

**Мұхамеджан:**

Жапырақтар жамырап,
Сайға барып бекінді.
Анасынан ажырап,
Қалған бала секілді.

**Жаңыл:**

Құстар қайтып қыс болды,
Сұр бұлт жапты аспанды.
Жапырақ түсіп гүл солды,
Қараша ызғары басталды.

**Би:** «Қол шатыр»

**Ойын:**

**Саңырауқұлақ:** Балалар қандай керемет ертеңгілік болды. Ән де, би де, ойын да бар. Ал енді қоштаспас бұрын сендерге дайындаған сыйлығымды табыстайын.

«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын орталық»
меңгерушісі
_________ Ағабекова Э.Қ.

# Ертеңгілік

**Тақырыбы:** «Қош келдің жаңа жыл!»

**Жүргізген: Альжанова М.**

2022ж

# «Қош келдің жаңа жыл»

(Балалар әуенмен залға кіреді)

**Жүргізуші:** Қымбатты қонақтар, ата- аналар! Сіздерді Жаңа жыл мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Жаңа жыл сіздердің өмірлеріңізге шаттық, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға ынтымақ әкелсін!

Ал, енді бүгінгі «Ботақан» тобының ертеңгілігін меңгерушіміз Эльниса Қуанышбек қызы ашып берсін.

**Жүргізуші:** Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл
Қарсы аламыз біз сені
Ақ көңілмен, пейілмен-дей отырып балаларымыздың әнін қабыл алыңыздар.

**Ән:** «Жаңа жылды қарсы алайық»

Ән салайық қол соғайық,
Жаңа жылды қарсы алайық.
Топ топ топ басайық,
Алақанды соғайық,
Топ топ топ басайық.
Маңайды шолайық!
Ал балалар біз тұрмайық,
Би билейік, жыр жырлайық.
Топ топ топ басайық,
Алақанды соғайық.
Топ топ топ басайық,
Маңайды шолайық.

**Жүргізуші:** Жаңа жылда бізге қонаққа келіп, көп сыйлық беретін ол кім?

**Балалар:** Аяз ата

**Жүргізуші:** Олай болса Аяз атамызды ортаға шақырып алайық!

(Әуен ойнап Аяз ата орнына Мыстан кемпір мен Сайқымазақ келеді)

**Мыстан кемпір:** Мен мыстан кемпірмін, би билеп, ән саламын балаларға сыйлықты да беремін. Жыл сайын Аяз ата, Аяз ата деп шақырасыңдар да жатасыңдар.

**Сайқымазақ:** Соны айтам ау біздің Мыстанның Аяз атадан қай жері кем?

**Жүргізуші:** Бірақ балалар сіздерді күткен жоқ еді. Сонда да біздің Аяз атамыз бен Ақшақарымыз қайда?

**Сайқымазақ:** Қайда, қайда дем алып жатыр олар.

(Ақшақардың дауысы естіледі)

**Ақшақар:** Аяз ата қайдасың? Ау!

(Ақшақар кіреді)

**Ақшақар:** Сүйсіндірер маңайды,
Ақшақармын арайлы
Жалт- жұлт еткен жүзімнен,
Күміс сәуле тарайды.

Балалар сәлеметсіңдер ме? Аяз ата әлі келмеді ме? Ол қайда жүр екен? Мүмкін сендер маған көмектесерсіңдер а?

**Мыстан кемпір:** А! Аяз атаны таба алмай жүрсің бе? Жүр мен саған Аяз атаны табуға көмектесемін (шығып кетеді).

**Сайқымазақ:** Ал сендер тыныш отырыңдар, әйтпесе сендерді өзіммен бірге басқа қалаға алып кетемін.(шығып кетеді)

**Жүргізуші:** Балалар Мыстан Ақшақарға көмектескенше біз көңіл күйімізді көтеріп ортада тақпақ айтып, би билейік, жарай ма?!

**Сырым:** Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсы алып.
Мерекеге келгендерді,
Құттықтаймыз ән салып.

**Сұлтанбейбарыс:** Аяз ата кел,кел,
Қарша қызда ала кел.
Сен келмесең болмайды,
Мынау шырша жанбайды.

**Сұлтанхан:** Жүзімізге күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.

**Бейбарыс:** Аппақ тоңға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

**Айбарыс:** Аппақ, аппақ қояндар,
Аппақ қарда ойнайды.
Ақ көңілді балалар,
Жаңа жылды тойлайды.

**Амир:** Қандай әсем шартарап,
Шаттық күйге бөлеп тұр.
Кәмпиттерін арқалап,
Аяз ата келіп тұр.

**Нұрдаулет:** Жаңа жауған ақ ұлпа,
Қар жамылды даламыз.
Балаларды сағынта,
Келді Аяз атамыз.

**Би:** «Гномдар»

Сырым

Сұлтанбейбарыс

Сұлтанхан

Бейбарыс

Амир

Айбарыс

Нұрдаулет

(Мыстан кемпір Аяз атаның киімін киіп келеді, шыршаның астына әкеліп қапшықты тығып қояды.)

**Мыстан кемпір:** Сәлем балалар! Қалдарың қалай? Мынаны тығып қояйын, біреулер алып кетіп жүрер.

**Жүргізуші:** Аяз ата сен қайда болдың? Біз сені көп іздедік қой! Мыстан бізге сені тауып берем деп алдап орманға кетті.

**Мыстан кемпір:** Мені неге іздеп жүрсіңдер, келем дегесін келем, міне мен мұндамын.

**Жүргізуші:** Аяз ата біздің Ақшақарымызды қайда тастап кеттің?

**Мыстан кемпір:** Кімді, а, Ақшақарды ма? Олар мұнда. Ақшақарым мұнда кел.

**Сайқымазақ:** Ақшақардың киімін киіп келеді.

**Жүргізуші:** Аяз ата мына Ақшақарыңыз қызық екен.

**Мыстан кемпір:** Солай ма? Мен оны байқамаппын. Ал, Ақшақарым ән айт.

**Сайқымазақ:** Мен көңілді Ақшақармын. Ақ мамықтай аппақпын.

**Мыстан кемпір:** Жарайды доғар әніңді.

**Жүргізуші:** Аяз ата Ақшақар олай ән айтпайды ғой.

Ақшақармын аппақпын,
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ,
Әнмен, бидің, тақпақтың-деп айтатын еді.

**Жүргізуші:** Аяз ата бізге балаларды құттықтау керек.

**Мыстан кемпір:** Құттықтау дейсің бе? Ол қалай?

**Жүргізуші:** Аяз ата саған не болды? Бізге шыршаның шамдарын жағып, шыршаны айнала би билеп, балаларға сыйлық беруіміз керек.

**Мыстан кемпір:** Әй, мынау не дейді? Соның бәрін мен жасаймын ба? Ой, менің қартайған жасымда мынау не деген қиын жұмыс еді а? Жарайды Ақшақар қане, әніңді баста.

**Сайқымазақ:** Орманда шырша өсіп тұр, онда жалғыз ине тұр.

**Жүргізуші:** Тоқтатыңдар, тоқтатыңдар! Бұл ән дұрыс емес қазір балалар сендерге әнді қалай айтатындарын көрсетеді.

**Ән: «Келді, міне, Жаңа жыл!»**
Келді, міне, Жаңа жыл!
Шаттық сыйлап әр үйге!
Жаңа бақыт, жаңа нұр,
Үлкен, кіші, сәбиге.

Жаңа жауған ақ ұлпа,
Қар жамылды даламыз.
Балаларды сағынта,
Келді Аяз атамыз.

Айдай ару Ақшақар,
Көмекшісі сол екен.
Аяз ата-ақсақал
Сыйлықтары мол екен!

Қандай сұлу шыршамыз,
Ортамызда тұр жайнап!
Жаңа жылда баршамыз,
Шаттанайық кел ойнап!

**Мыстан кемпір:** Жарайды әнді айттық, ал, енді маған сіріңке әкел.

**Жүргізуші:** Ол не үшін ата?

**Мыстан кемпір:** Қалай не үшін, мен енді шыршаны жақпаймын ба?

**Жүргізуші:** Аяз ата сен бүгін бір түрлі қызықсың . Шыршаны сіріңкемен емес, сенің сиқырлы таяғыңмен жағады ғой.

**Жүргізуші:** Аяз ата шыршаны жағу үшін «Шырша шамдары жарқыра!» деген сиқырлы сөздерді айтып, таяғыңды сермеуің керек.

**Мыстан кемпір:** А, солай ма? Ендеше әй шырша жан тез, бол (шыршаны айналып, секіріп жүреді)

**Сайқымазақ:** Сен Аяз ата не істеп тұрсың, жағып жіберейік оны сіріңкемен міне сонда нағыз қызық болады.

**Жүргізуші:** Жарайды ата сенің айтқан сөздеріңе шырша шамдары жанбайтын сияқты. Аяз ата бәрі Жаңа жылды күтуге дайындалып жатыр. Көріп тұрсың ба?

Айтпақшы, сен осы мана неге көп кешіктің?

**Мыстан кемпір:** А, мен үйде футбол қарап, отырып қалдым. Маған олардың сырғанағаны ұнайды (еденде ары- бері сырғанап жүреді).

**Жүргізуші:** Саған не болған ата, ол футбол емес, хоккей ғой.

**Мыстан кемпір:** Әй, мейлі не болса да, маған бәрібір, енді мен не істеуім керек соны айтшы?

(Аяз атаның дауысы шығады)

**Аяз ата:** Қайдасыңдар?

**Сайқымазақ:** Нағыз Аяз ата келе жатыр. Қашыңдар, тығылыңдар! (Мыстан кемпір мен Сайқымазақ қашып кетеді)

**Жүргізуші:** Ой балалар біз Мыстанға алданып қалыппыз ғой, өзіміздің шын Аяз атамызды қарсы алайық.

**Аяз ата:** Құтты болсын, балалар,
Келген Жаңа Жылдарың.
Өткен жылы келіп ем
Бәріңді де көріп ем.
Жыл өткізіп келем деп
Уәдемді беріп ем!

Сәлеметсіңдер ме, балалар, қонақтар?! Уәде берген соң сендерді Жаңа Жылдарыңмен құттықтағалы келе жатыр едім, мына құрғыр мыстанға ұсталып қалмасым бар ма! Бізді орманға байлап тастады.

Сендерде неге тып- тыныш? Ән қайда? Би қайда? Шыршаларың да көңілсіз!

**Аяз ата:** Шанаға салып қойған сыйлыққа толы қапшығым да жоқ! Оның қайда кеткенін де білмей қалдым.

**Жүргізуші:** Балалар олай болса шырша шамын жағып аламыз ба?

Бір, екі, үш.

Шырша шамы жана түс!

**Аяз ата:** Шыршаны жағады

**Жүргізуші:** Ата, сіз ұзақ жол жүріп келдіңіз. Шаршаған боларсыз?- Сәл отырып дем алыңыз. Ал, балалар сізге би билеп, тақпақ айтып береді.

**Аяулым:** Аязды келіп қыс
Алғашқы қар ұшты,
Аппақ боп үстіміз,
Ақ қырау жабысты.

**Аяна:** Алғашқы ақша қар,
Бетінде із қалды.
Жүйткиді ақ шанам,
Алға ұстап ызғарды.

**Дамелия:** Мейлі күн суытсын,
Зырлайды шанамыз.
Аяз не біз үшін?
Біз шымыр баламыз.

**Көркем:** Аязата келіп тұр,

Бізге сәлем беріп тұр.
Сыйлықтарын әкеліп,
Бізге оны беріп тұр.

**Н.Аяла:** Оралды өлкеме
Жаңа жыл, армысың!
Оранды ақ көрпеге,
Асқар тау, қарлы шың.

**Рабия:** Міне сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп сағынған.
Кел балалар, келіңдер,
Шырша тойын көріңдер.

**Би:** «Қуыршақтар»

Аяулым Аяна Н.Аяла Көркем
Дамелия Рабия

**Аяз ата:** Рахмет! Балалар сендер тақпақты жақсы айтып, биді де жақсы билейді екенсіңдер. Ал, енді бір ойын ойнайық.

**Ойын:** «Кім епті»

**Шарты:** Үлкен доптан жасалған қарды білекпен қысып ұстап түсірмей бір біріне беру. Түсірген бала ойыннан шығады.

**Мыстан кемпір:** Мына дорбаны қалай алып кетсем екен, а? Аяз атаның қасынан қалай өтемін?

**Аяз ата:** А, сен мұнда жүр екенсің ғой. Дорбам қайда? Әкел оны мұнда.

**Мыстан кемпір:** Жоқ, мен оны бермеймін. Оны мен таптым.

**Аяз ата:** А, солай ма?! Қазір мен сені қатырып тастайын.

**Мыстан кемпір:** Жоқ, жоқ! Тек ашулана көрме. Қазір мен сендерге дорбаны да, сыйлықтарыңды да қайтарамын. Тек сендер менің тілегімді орындасаңдар болды.

**Аяз ата:** А, сыйлықтарды да сен алып кеткен екесің ғой!

**Жүргізуші:** Ол қандай тілек? Біз сенің айтқандарыңның бәрін орындаймыз, тек дорбаны қайтарсаң болды.

**Мыстан кемпір:** Мен жас күнімде өте керемет билейтін едім, әрі өте керемет сұлу едім. Осы отырған балалар менен артық билер ме екен?

**Жүргізуші:** Балалар, қәне, біз Мыстан кемпірге қалай билейтінімізді көрсетейікші.

**Зейін:** Жаңа жылым жол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрлет, төрлет жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын!

**Дамир:** Ақ қар жапты даланы,

Ақ жамылды айнала.
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға.

**Әлім:** Шыңдарды, құздарды,
Шаңғымен сызалық.
Елемей ызғарды,
Жаңа жыл бәйгесін
Келейік біз алып.

**Баққелді:** Жаңа жылмен, жаңа жылмен
Құттықтаймыз әрине
Әкемізді, анамызды
Қонақтардың бәрін де.

**Бексұлтан:** Тақпақ, өлең жаттады,
Би үйрендік көрсін деп.
Аяз Ата шаттанып,
Бізге риза болсын деп.

**Би:** «Аққалалар»

Дамир
Бексұлтан
Әлім
Баққелді
Зейін
Ахмад

**Аяз ата:** Әй, Мыстан кемпір балалар сенің тілектерінді орындады, енді бізге дорбаны алып кел!(Мыстан дорбаны алып келді.)

**Мыстан кемпір:** Дорбаларыңды алып келдім, алыңдар! Қой мен тағы бірдеңе бүлдірмей тұрғанда мына жерден кетіп қалайын.

**Жүргізуші:** Ақшақар біздің қыздарымызбен би билеп, көңіл көтерсең қалай болады?!

**Ақшақар**: Жарайды.

**Адия:** Кел билейік сенімен,
Дедім тартып жеңінен.
Еріп кетпе Ақшақар
Адамдардың демінен.

**Нейла:** Жаңа жылмен шаттанып,
Жаңарады бар дала.
Шырша тойын тойлайды,
Дөңгеленіп бар бала.

**Б.Аяла:** Боранмен буып белді,

Жаңа жыл тағы келді.
Берекесін ала келсін,
Нұрға бөлеп біздің елді.

**Құралай:** Келді тағы жаңа жыл,
Қуантумен біздерді.
Құтты болсын қуаныш,
Құттықтаймыз сіздерді.

**Қалжан Раяна:** Безендіріп шыршаны,
Жыл қуантты баршаны.
Той-маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

**Қаси Раяна:** Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса

**Би:** «Моншақтар»

Б.Аяла Адия Нейла
Құралай Қалжан Раяна Қаси Раяна

**Ата-аналармен ойын:** «Шар жинау»

**Шарты:** Қапты аяқтарына киіп алып қапқа жабыстырған шар түсіне қарай шарды жинау. Ойынға үш адам шығады.

**Жүргізуші:** Балалар, біздің Аяз атаның көңілін көтеру үшін ән айтып берейікші.

**Ән:** «Жаңа жыл»

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңа жылда, жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Жадырап бар бала жүр.

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Көрікті, бөрікті,
Аяз ата келіпті.
Беріп жатыр таратып,
Алма, анар, өрікті.

Қала нұр, дала нұр,
Құтты болсын жаңа жыл.
Шырша жаны көңілді,
Билеп барлық бала жүр.

**Жүргізуші:** Балалар шырша шамдары жанып, би билеп, ән айттық. Жаңа жылдың келуі таяп қалды. Бірақ, келетін Жаңа жыл қандай жыл болды екен?

**Қоян:** Сәлеметсіңдер ме, балақайлар?!

Сәлеметсіңдер ме, конақтар?!
Мен келемін қуанып,
Мол шаттыққа бөленіп
Бір жыл бойы сіздермен,
Дос боламын шаттанып.

**Аяз ата:** Қош келдің қоян жылы. Ал, Жаңа жыл еліме, халқыма құт болып ен. Мына балаларды өзіңе тапсырамын.

**Аяз ата:** Балаларым мынау менің сендерге әкелген сыйлығым. Қане, қызым көмектесші балаларға таратуға. (Сыйлық тарату)

**Аяз ата:** Балалар, қонақтар менің кететін уақытым болды. Басқа да балаларды құттықтап сыйлық таратуым керек.

**Аяз ата:** Сау болыңдар!

**Ақшақар:** Сау болыңдар!

**Жүргізуші:** Осымен біздер ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

ке
отальқ»
кова Э.Қ.

Сәлеметсіңдер ме, қонақтар?!
Мен келемін қуанып,
Мол шаттыққа бөленіп
Бір жыл бойы сіздермен,
Дос боламын шаттанып.

**з ата:** Қош келдің қоян жылы. Ал, Жаңа жыл еліме, халқыма құт болып Мына балаларды өзіңе тапсырамын.

**з ата:** Балаларым мынау менің сендерге әкелген сыйлығым. Қане, қызым лектесші балаларға таратуға. (Сыйлық тарату)

**з ата:** Балалар, қонақтар менің кететін уақытым болды. Басқа да аларды құттықтап сыйлық таратуым керек.

**з ата:** Сау болыңдар!

**шақар:** Сау болыңдар!

**ргізуші:** Осымен біздер ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

іін»
степке
ін орталық»

ғабекова Э.Қ.

К

Меңгерушi жанындағы кеңестің
№4 Хаттамасы

22-ақпан 2022ж.

Күн тәртібінде:

1. Қоршаған ортамен таныстыру оқу іс-әрекетінің өткізілуі (салыстырмалы бақылау)
2. Табиғат бұрышының жағдайы, „Терезедегі бақшаны" ұйымдастыру, табиғат күнтізбесінің жүргізілуі
3. Құрастыру оқу іс-әрекетінің өтілуі.
4. 8-наурыз, 22-наурыз ертеңгіліктер сценарийін бекіту.

1. Тыңдалды: Шағын орталық меңгерушісі Э.Б. Ачбекова сөз сөйледі. Салыстырмалы бақылау барысында топтардағы оқу қызметінің өтілу сапасына тоқталды. Ересек топтарда қажетті көрнекіліктерді жиі қолдану керектігін және де дидактикалық ойындармен қызықтырып өтуге кеңес берді.
Балабақша әдіскері Н. Бекбаева

сөз алды. „Құралған ортамен таныстыру"
оқу қызметінің өткізілуі кезінде балалар
жасына сай барлық сұрақтарға
жауап берді. Балалар тыңдарысты-
лығы мақсатының айтып өтті.
Тыңдалды: „Ботақан" тобының
тәрбиешісі М.Ажанова сөз алды.
Ол тобындағы Табиғат бұрышының
жұмысы туралы айтып өтті.
Балаларды еңбекке баулу, табиғатты
қорғауға тәрбиелеу жұмыстарының
жүргізілуін айтты. Мыс: Гүлдердің
тозаң қағысын, су құйып, табиғат
бұрышындағы күнделікті бақылау жұ-
мыстарын балалардың өздігінен
жасайтынын айтып өтті.
Сонымен бірге барлық топтарда
табиғат бұрышына күнделікті бақылау
жасалып отыратынын да айтып өтті.
Тыңдалды: Әдіскер А.Бекбаурова
Таныстыру оқу қызметінің өткізілуіне
талдау жасалынып айтып өтті.
Барлық топтарда Құрастыру оқу
қызметін балалар жақсы қабыл-
дағанын тексере құрастырғанын

орындайтынын айтып өтті.
Балалар құрылыс материалдарынан құрастыру, олардың түрін, пішінін көлемін ажырату дағдыларын ажырата алады. Топбасшының ұсынған шарты бойынша кеңістікте құрылыс материалдарын дұрыс орналастыра біледі.

4. Тыңдалды: Меңгеруші Э. Азабекова алдағы келе жатқан мерекелерге байланысты сөз сөйледі.
Күнделікті тәрбиелік жұмыстарын жүргізу, сақшылардың талаптарды орындап отырып балалармен жұмыс жасау керектігін айтып өтті.
Музыкалық залда және топтарда безендіру жұмыстарын жүргізу керектігін айтып өтті.
Қаланың білім бөлімінің тапсырмасы бойынша ата-аналардың қатысуы туралы айтып өтті.

Қаулы етілді:
1. Оқу жұмысы өз деңгейінде өтсін.
2. Ертеңгілік [illegible] жаңажылдық шараларға сайлансын.

Меңгеруші: Азабекова Э.
Хатшы: Бекбаева Ұ.

НҰРАЙ

Мұғалімі тапсырма кеңесінің
№ 5 Хаттамасы

15 мамыр 2022 жыл

Күн тәртібінде

1. Тоқсан сауықтыру - шынықтыру жұмыстарының өткізілуі туралы ұйымдастыру
2. Ұйымдасқан мәтелмәтелінің үйге су дұрыстығын өтілуі (Салттарымен баяндау)
3. Балалардың тұрғыны шынықтыру жиналысы
4. Құжаттарды толтыру ұйымдастыру
5. Бұл білімді қорыту қорытындысы.

1. Тыңдалды: Әрсен У. Бекбаева топтарда сауықтыру - шынықтыру жұмыстары туралы айтып өтті. Күн тәртібін сақтау, балаларды жуындыру, жүгіріп тұрғанда шынықтыру жаттығуларын ұйымдастыру, су ішу тәртібін сақтау, таза ауада шынығу керектігін айтты. Таза ауада жүргізу ұйымдастыру өткізу керектігін айтты.

Жаз маусымына көшуге байланыс-
та тәрбиешілерге балалардың күнін
құрайтын бас кезеңдерін қадағалауды
тапсырды. Барлық топтар сауықтыру-
шынықтыру шараларын өз деңгейінде өткі-
зу қажеттігін айтты.
2. Тыңдалды: Әдіскер У. Бекпаулова
Қарапайым математикалық ұғым оқу
қызметінің өтуі бойынша сабақтар-
мен бағалау құралдарын айтып
өтті. Оқу іс-әрекеті бойынша
"Қарлығаш" және "Балапан", "Бөбек"
топтарының балаларының математика
тарауларынан санау, геометриялық
пішіндерді атау және кеңістікті
бағдарлау бойынша жақсы екендігін
айтты.
"Қарлығаш" мектепалды даярлау
тобының 0-10-ға дейінгі сандарды жақсы
меңгерген, сандарды тура, кері, қосу, алу
есептерін шапшаң шығаратынын
айтты.
3. Тыңдалды: Балалардың білімін бағалау индикаторы бойынша әдіскер
У. Бекпаулова сөз сөйледі. Үлгілі оқу

Бағдарламасының орындалуы жөнінде
мониторингінің нәтижелері бойынша
2021- 2022 оқу жылының орындалуы жоғары
көрсетті

4. Оқу жылында жоспарлы ұйымдастырылған
бағытына „Қарлығаш" мектепалды даярлық
тобы мен „Гүлдер" ортаңғы тобы
жоғары деңгейде. „Балапан" және
„Еркетай" кіші топтары орташа деңгей-
де. Барлық педагог қызметкерлердің
кәсіби өсуін бағалау нәтижесі
жасалды. Тәрбиешілердің біліктілігі-
нің біліміне жақсы және өте жақ-
сы деген бағалар қойылды. Келесі
оқу жылына дейін оқу деңгейлерін бұдан
да жоғарғы деңгейге өсіруді жоспарла-
ды.

1. Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын
оң деңгейде өткізілсін
2. Тағы шараларды жоспарлау мен
жұмыстарын жалғастырсын
3. Оқу тәрбиесін қатаң бақылансын

Меңгеруші [signature] Оспанова З.
Хатшы [signature] Құлимова А.

Меңгерушi жанындағы кеңестердің

№6 Хаттамасы

15 - қыркүйек 2021 жыл

Күн тәртібінде

1. Медбике сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, есеп беру арқылы ересектер тобы, мұғалім жетекшілігі мен және шынықтыру жұмыстары.

2. «Мектеп оқу жылына балаларды дайындау» шағын орталығының қорытындысы.

3. Рейд тексерудің қорытындысы.

1. Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша таңертеңгі сауықтыру шынықтыру шаралары өз уақытында өткізілуі жүргізілуі туралы тәрбиеші Бекбаулова Ү.А. айтып өтті. Тыңдалды [illegible] туралы «Балапан» тобының тәрбиешісі Есмаханова Л.Б. баяндады.

2. Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Бекбаулова Ү.А. барлық топ тәрбиешілері жылдық жоспарларын шағын [illegible] талаптарына сәйкес жазылуы туралы айтып өтті

тәрбиешісі Ахметова Э.Ғ. балабақша-
ның күн тәртібін, сабақ кестесін, тәрбие-
шілердің жоспарларын бекітіп берді.
Барлық ұйымдастырылған оқу қызметі
жаңа оқу жылында [illegible] тапсырды.
5) Жаңа [illegible] [illegible]
[illegible] [illegible],
[illegible] [illegible] [illegible]
[illegible].

Қаулы шешімі:

1. Барлық ұйымдастырылған [illegible]
[illegible] [illegible] [illegible]
2. Жаңа оқу [illegible] [illegible]
[illegible] жүргізілсін
3. Жаңа [illegible] [illegible] [illegible]
жүргізілсін.

Меңгеруші [illegible] Ахметова Э.

Педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасы

__ - қыркүйек 20__ жыл

1. Күн тәртібінің [illegible], [illegible]
[illegible] [illegible].

2. «Топтардың санитарлық жағдайы»
тілді тексеру қорытындысы.
3. Педагог әдістемелік бекітілуі

1. Тыңдалды: Әдіскер Г.И. Бекбаурова
бірінші мәжіліс бойынша сөз сөйледі.
Барлық бөлімшелердің жағдайының
күнделікті тамақ жұмыс
күнінде күн тәртібін орындау керектігі
айтылды. Тәрбиешілер жұмысында
бөлмелердің ауасын тазарту, тамақ
сақтау, балабақша санитарлық
талаптарға сай болу керектігін айтты.
Тілді бекіту барысында бөлім
меңгерушілердің жұмыс күніне дайындалған
орта деңгейде екендігін айтты. Тәрбиешілер
Үйлесімділіктерінен оқу іс-әрекетіне
дайындалған, ата-аналармен қарым-
қатынас жұмыстарын жақсартуды
талап етті.
2. Мәжіліс бойынша Ж. Асқарова
медбике топтардың санитарлық
жағдайын тексеру нәтижесін оқып
жұмыстарын тексеруді айтып өтті.
Бөлмелердің күнделікті ылғалды жинау

тұрған кездегі сақтандыру шараларын орындауын қадағалау, және тұрғын сақтау шараларын орындау тәрбие жұмыстарына әсер, оқушыны сақтау жұмыстарға айтылады.

3. Жаңа әдістемелік әдебиеттерді оқу

I-тарау

1.1 [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible]

2-тарау

2.2 Эксперимент жүргізу [illegible]
2.3 Эксперимент нәтижесін [illegible]

Жаңа оқу жоспары бойынша [illegible] [illegible] шығару

Шешім етілді

1. Барлық [illegible] [illegible] [illegible] [illegible]
2. [illegible] мектептің [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible]
3. Жаңа әдістеме бойынша [illegible] шығару тапсырылды.

НҰРАЙ

Жетекші [illegible] Алибекова Э.

"Нұрай" мектепке дейінгі шағын орталығының Өндірістік кеңесінің №2. Хаттамасы.

14 ақпан 2022ж.

Күн тәртібінде:

1. Тамақтың дұрыс ұйымдастырылуын бақылау.
2. "Бала денсаулығы мен өмірін қорғау" нұсқау.
3. Әр түрлі тақырып.

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ә.Ахабекова тамақтың дұрыс ұйымдастырылуын бақылау жөнінде айтып өтті. Ас мәзірін дұрыс ұйымдастыру 10 күндік ас мәзірін ҚР ДСМ №59 бұйрығына сай етіп жасауды медбикеге тапсырды.
Ас мәзірінде тамақтардың көп қайталанбауын тапсырды. Сонымен бірге дайын піскен астың сапасын тексеріп күнделікті бракераж журналына жазып отыруды айтып өтті.
Медбике Алдиярова Динара ас-

жүзірін санитарлық - эпидемиоло-гиялық талаптарға сай етіп жасап жатқандығын айтты. Күнделікті дайын астың сапасын тексеретінін айтып өтті.

1. Тыңдалды: «Бала денсаулығы мен өмірін қорғау» жөнінде әдіскер У. Бекбаурова сөйледі. Балабақшаның еңбек тәртібі ережелерін сақтай отырып жұмыс жасалып жатқанын айтып өтті. Әр тоқсан сайын «Бала өмірі мен денсаулығын қорғау», «Балалар жарақаттанудың алдын-алу және алғашқы көмек» көрсету нұсқаулығымен таныстырылып, балаларға түсіндіру жұмыстарын тәрбиешілер жүргізіп отырады. Серуен кезінде, техника қауіпсіздігін сақтай отырып әрбір балаға мұқият қарауды айтып өтті. Балаларға қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызы мен қажеттілігін түсіндіру және өзінің денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу керектігін сабақтан тыс

үйретіп отыру керек екенін тәрбие-шілерге тапсырды.

3. Тыңдалды: меңгерушi З.Атабекова сөз сөйледі. Күнделікті жұмыс барысында әр қызметкер өз міндеті бойынша жұмыс атқаруды айтып өтті. Күн тәртібін қадағ сақтау, тазалықты, жеке шешенолың талаптарға сай орындау, жоспар бойынша жұмыс жасау керектігін айтты.

Қаулы етілді:

1. ҚР. ДСМ №59 бұйрығына сай ас мәзірін жасауды медбикеге тапсырды.
2. Барлық қызметкерлерді жұмсаулықпен таныстыру.
3. Күн тәртібін сақтау.

Нұрай

Меңгеруші З.Атабекова.

Хатшы Ұ.Бекбаурова

„Нұрай" мектепке дейінгі шағын орталығы

Өндірістік кеңестің

№3 хаттамасы

2022 жыл ' мамыр

Төрайым: Алибекова Эльмира

Хатшысы: Алжанова Мейрамкүл

Күн тәртібі

1. Күн тәртібінің орындалуы.
2. „Қауіпсіз жерге көшіру" жоспары мен өрт қауіпсіздік техникасы жайлы нұсқау
3. Балабақша ауласын жазғы маусымға дайындау.

1. Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Эльмира Құнанбекқызы сөз сөйледі.
Жаз кезінің күн тәртібі бойынша тиіс ертерек аулаға су себілген, құмдар үйілген үстіне су себілуі қажет. Кешкі апайлар ауланы сыпырып, құмдарды тазалап қоюлары қажет.
Балалар таза ауада қыдыртып таңғы жаттығуды жасап үйге кірулері керек.
Сағат $11^{00}$-ден бастап балалар ойын алаңына ойнауға шығарғанда [illegible] күні ойын заттарының қауіпсіз ойнауын қатаң қадағалаймыз. Үйге кірер кезде ауланы жинап кіреміз.
Түс қайта балалар сыртқа шығар алдында аулаға су себілуі қажет.
Осы күн тәртібін орындау барысында жұмыс жасалуын ескертті.

2. Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Эльмира Құнанбекқызы сөйледі. „Қауіпсіз жерге көшіру" жоспары мен өрт қауіпсіздік техникасы жайлы нұсқау бұйрықпен таныстырып өтті.
Өрт қауіпсіздігі бойынша балабақшаға

барлық дабыл қондырғыларын мен өрт сөндіргіш құралдары тексеруден өткізіл-гендігі туралы айтып өтті.
Өрт қаупі туған жағдайда балаларды алып шығуға арналған есіктердің барын және өрт жағдайында пайдалануға болатынын ескертіп өтті.
Қандай жағдай болмасын балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отыруымыз қажет.

3. Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша шаруа меңгерушісі
Жазғы маусымға балабақша ауласы дайын. Барлық жер сырланған, әктелген, көгалданды-ру жұмыстары жүргізілген. Құм салынатын құм бар, оған арналған сөмкешектер бар. Аулада су шашылып, тазалық сақталып отыру қажет.

Қаулы етіледі:

1. Күн тәртібінің сақталуы балабақша қызметкерлеріне жүктеледі.
2. Қауіпсіздік нұсқаулығымен барлық балабақша қызметкерлері таныстығы және қатаң түрде орындалды.
3. Балабақша ауласы жазғы маусымға дайын.

Төрағасы: Азабекова Эльмира
Хатшысы: Альжанова Майрамкүл

„Нұрай" мектепке дейінгі шағын орталығы

Әдістемелік кеңестің

№1 хаттамасы

2022 жыл Қазан айы

Төрағасы: Әйтімова Гүлшат

Хатшысы: Сейілханова Шынар

1. Балалардың өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету және балаларды сақтандыру шараларының жүйелілігі (ойын алаңдары, [illegible] жүргізу, тексеру, [illegible])
2. Балалардың шығармашылығын, ойлау қабілетін дамыту жұмыстары.
3. Орта топтағы балалардың ерекшеліктерін ескеру, ойлау қабілеттері.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша Әйтімова Гүлшат [illegible] [illegible] Біздің мақсатымыз балалардың өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету [illegible] [illegible] және [illegible], [illegible] [illegible] [illegible] балалардың өмір сүру қауіпсіздігін [illegible] ұстанымдары.

Мақсатымызды жүзеге асыру барысында бірнеше шараларды жүзеге асыру керек.

- Денсаулығын күту, таза ауа [illegible] сақтау [illegible] [illegible] негізгі ұстанымдары.
- Әр баланың отбасымен [illegible] [illegible] қауіпсіздіктің өмір сүру [illegible] [illegible] үйрету.
- Балалар [illegible] [illegible], өз [illegible] [illegible] [illegible] үйрету.

Үйден тыс [illegible] тәрбиелеу-оқыту [illegible]

Тұсау үйдірген шейін баланың сергек болуы тәрбиесінің ерекше назар аударуын талап етеді. Тұсау үйдірген шейін баланың серуенге [illegible] және біртіндеп шайқалуға [illegible] техникасын [illegible] жер береді.

2. Тыңдалды: Екінші және Бейсенова [illegible] Бекбаұлы [illegible] әр кезеңде өтілетін ашық сабақтарды жоспарлау [illegible], ашық түрде өткізген соңында сөз сөйледі. [illegible] ашық сабақтарды жоғары деңгейде өткізуге кеңес берді.

3. Тыңдалды: Үшінші және Бейсенова [illegible]. Орта топтың тәрбиешілерінің [illegible] ұйымдастырылған [illegible] жүргізуді ескертеді.
[illegible] (Тәрбиеші) [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] беру [illegible] [illegible] [illegible] жүргізу және.

Қаулы етілді.

1. Сауатты [illegible] [illegible] [illegible] және балалардың [illegible] жұмыстарына [illegible].
2. Өтілген [illegible] [illegible] [illegible].
3. Орта топтың тәрбиешілерінің [illegible] беру.

Төрайым [illegible] Жабаева Г. Б.

Хатшы Сүлейменова М. Б.

НҰРАЙ

«Журай" мектепке дейінгі шағын орталығы

Өндірістік кеңестің

№ 2 хаттамасы

2022 жылы Желтоқсан айы.

Төрайымы: Әлібаева Динара [illegible]

Хатшысы: Сүлейменова Шынар [illegible]

1. Топтардың сабақтарының жоспарын, жиһаз тексеру қорытындылары
2. Ас блогының жұмысын тексеру, тамақтың орындалуы, жабдықталуы, ас үйдің санитарлық тазалығы жайлы.
3. Өткізілген [illegible] ересектер мен [illegible] [illegible] [illegible]

Тыңдалды: Бірінші кезекте бөлімше меңгерушісі Бериков Расул сөз сөйледі. Топтардағы сабақ жүргізу жоспары жасалу керек. [illegible] [illegible] іске жүргізілді. Тәрбиеші айтты, [illegible] [illegible], [illegible] [illegible], [illegible] [illegible] [illegible] ойыншықтар, [illegible] [illegible], [illegible], [illegible] 2 [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible]. Үйлестіру бөлімінде [illegible] [illegible], уақыт мен [illegible] [illegible] [illegible]. [illegible] [illegible] [illegible], [illegible] [illegible], Үлестірмелі [illegible]. [illegible] [illegible]

қадамдар, үйлестіру, [illegible] деңгейінің [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible].

2. Тыңдалды: [illegible] [illegible] [illegible] бөлігі ретінде, [illegible] [illegible] әр [illegible], [illegible] болып [illegible] [illegible] [illegible], [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible]. Іс қағаз [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible].

3. Тыңдалды: [illegible] [illegible] бойынша Әбдікова Әлиша Құрманбекқызы Техника қауіпсіздігіне тоқталды. Барлық қызметкерлер мамандар әрдайым [illegible] қауіпсіздік [illegible] сақтау міндеті [illegible] [illegible] бір [illegible] әр түрлі функционалды міндеттері [illegible]. Басшылардың өзі [illegible] [illegible] ұйымдастыру бойынша [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible].

Шешім етілді:

1. [illegible] [illegible] [illegible] [illegible] [illegible].
2. Іс қағаз [illegible] [illegible] [illegible] [illegible].
3. Техника қауіпсіздігі ережелерін барлық қызметкерлер қатаң сақтасын.

ҚҰРАЙ

Төрайымы: [illegible] Әбдікова Э.

Хатшы: Сүлейменова Ә.

Педагогикалық кеңестің
№3. Хаттамасы.

16 наурыз 2022 ж.

Күн тәртібінде.

1. Өткен пед. кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру.
2. ПЖ мұғалімдерінің жұмыс сапасы.
3. „Таным" білім саласы бойынша танымдық қабілетін дамыту арқылы қарапайым математикалық түсініктерді қолдануға машықтандыру.
4. Дамытушы ойындар арқылы балалардың танымдық қабілетін арттыру.

1. Тыңдалды: Әдіскер: А. Бекбаулова өткен пед. кеңестің шешімінің орындалуына есеп беріп өтті: Жаңа технологияларды қолдану арқылы бала тілін дамыту, сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеуге үйрету жұмыстары жақсы жүргізілгенін айтып өтті. Барлық топтың тәрбиешілері өз іскерлік шеберліктерін қолдана отырып балалармен жұмыс жасады.
Күнделікті сабақ жоспары бойынша оқу қызметі өтілгенін тексеріп, бақылап отырғанын айтты.

2. Тыңдалды. Екінші мәселе бойынша
біз мұғалімдерінің жұмыс сапасын
бақылау жүргізілгені туралы айтып
өтті. Әдіскер Ү. Бекбауова өз сөзінде
Орыс тілі пәнінің мұғалімі

оқу іс әрекетінде балалар
өте қызығып тыңдап мұғаліммен
бірге қайталап айтып үйренгенін
айтып өтті.

3. „Таным" білім саласы бойынша
балабақша меңгерушісі Э. Ажбекова
сөз сөйледі. Балалардың танымдық
қабілетін дамыту арқылы
қарапайым математикалық түсінік-
терді қолдану жолдарын топтарда
сапалы өтуін қадағалауы туралы
айтып өтті. Мектепалды даярлық
топтарда балалармен жеке жұмыс
жүргізу керектігін айтып, тәрбие-
шілерге тапсырма берілді.
Логикалық есептер, сұрақ жауап,
қосу, азайту амалдарын орындау
берілген тапсырмаларды менің
үйренуді балаларға үйрету жұмыс-
тарын жүргізуін қадағалауын
әдіскер Ү. Бекбауоваға тапсырды.

4. Балабақша тәрбиешісі А.Омаргитова "Дамытушы ойындар арқылы балалардың танымдық қабілетін арттыру" бойынша баяндама оқыды.

Ойын балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі болып саналады. Ойындар баланың ойлау, есте сақтау, қабылдау, қиял сияқты психологиялық үрдістерінің дамуына көмектеседі.

Дамыту ойындары баланың бойындағы өзін-өзі ұстау және ынталылыққа үйретеді. Баланың қалыптасуын ойын арқылы және жаттығу, тапсырмалар арқылы дамытуға болады. Дамыту ойындарын сабақ барысында жиі қолдану, көргенін білгеніне жауап беру, және сөйлеу қабілетін дұрыс қалыптастыру керектігін айтып өтті.

Қаулы етілді.

1. "Таным" білім саласын сапалы түрде өтуін тәрбиешілерге жүктелсін.

2. Күн тәртібі қатаң сақталсын.

Меңгеруші Агабекова Г.

Хатшы Бекбаева Г.

Педагогикалық кеңестің
№4. Хаттамасы

24 мамыр 2022ж.

Күн тәртібінде.

1. Өткен пед.кеңестің шешімінің орындалуына есеп беру.
2. „Білім әлеміне саяхат“ барлық топтарда қорытынды ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері
3. Оқу жылдың қорытындысы.
4. Бес білім саласы бойынша оқу жылының қорытынды мониторингі.
5. Педагогикалық ұжымның даму және жылдық міндеттер бойынша жұмысының тиімділігіне талдау жасау.
6. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.

1. Тыңдалды: Өткен пед.кеңестің шешімі бойынша әдіскер Ү. Бекбаурова сөз алды. Таным саласы бойынша барлық топтардың оқу қызметтері бақылауға алынды. Сабақ кестесі бойынша өтілді. Күн тәртібі қатаң сақталды:

2. Тыңдалды: „Білім әлеміне саяхат”
барлық топтарда қорытынды ашық
ұйымдастырылған оқу қызметтерінің
өту деңгейін әдіскер Ұ. Бекбаулова айтып
өтті. Балалар сабақта белсене қаты-
сып сұрақтарға жауап беріп отырды.
„Қарлығаш” тобы балаларға берілген
тапсырмаларды өте жақсы орындады.
Балалардың білім деңгейі жоғары көрсет-
кіштерді көрсетті.

3. Балабақша әдіскері Ұ. Бекбаулова
оқу жылының қорытындылауын айтып
өтті. Жылдың жоспар бойынша
барлық іс-шаралар, ұйымдастырылған
оқу қызметтері өз деңгейінде өтті.
Ерекшеліктер, балабақшамен қоштасу
кеші де жақсы өтті. Ата-аналар
ыстық лебіздерін білдіріп барлық
қызметкерлерге рахмет айтты.

4. Тәрбиешілер бес білім саласы
бойынша қорытынды мониторингіне
өз уақытында тапсырды.

Барлық топтарда жүргізілген
талдау бойынша жоғары және
орта деңгейі бар балалар
Күн тобында - 20 бала 91%.
Балапан тобында 20 бала 87%.
Ботақан ересек тобында 22 бала 92%.
Қарлығаш мектепалды тобында 20 - 91%.

5. Балабақша меңгерушісі Э.Қ. Атабекова педагогикалық ұжымының даму және жылдық міндеттер бойынша жұмысының тиімділігіне талдау жасады. Барлық педагогтар, тәрбиешілер өз лауазымдық қызметтерін адал атқарғаны үшін және сапалы білім бергені үшін марапаттады. Бұдан да жақсы жұмыс атқаруды тапсырды.

6. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекітті және мақсаты мен міндетін айтып өтті. Бірінші мақсатта балалардың денсаулығын қорғау, күнделікті шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру. Күн тәртібін қатаң сақтау, Қимылды ойындар ойнату. Жазғы жұмыс кестесіне көшу, Құммен ойнау, Ауамен шынығу тәртібін ескеру т.б.

Қаулы етілді:

1. Бекітілген күн тәртібі қатаң сақталсын.

Меңгеруші: Атабекова Э.Қ.

НҰРАЙ

Хатшы: Есбаулова

„Жұрай" мектепке дейінгі шағын орталығы" жеке мекемесі

Педагогикалық кеңестің

№1 Хаттамасы

27 тамыз 2022 ж.

Күн тәртібінде

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту.
2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері нұсқау өткізу.
3. Әр түрлі (Күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарды бекіту.)

1. Тыңдалды: Шағын орталықтың меңгерушісі Э.Қ. Ажибекова сөз сөйледі. Мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мен жақсарту мақсатында ұсыныстар беріліп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды реттейтін нормативтік құқықтың актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін айтты. Қ.Р мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық топтарына арналған 2022-2023 оқу жылының Әдістемелік нұсқаулық хатын таныстырып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты: әр баланың қызығушылықтары,

ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттың құндылықтарын дамыту, зерделік алу. Балалардың өмірін қорғау, денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Ойын арқылы оқыту. Коммуникативтік, эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру. Меңгеруші Э. Ажібекова барлық педагог қызметкерлерді жаңа 2022-2023 оқу жылымен құттықтап жылдың жоспарымен таныстырып бекітті.

2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері жөнінде нұсқау өткізілді.
Барлық қызметкерлер қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды және жұмыс орнындағы нұсқаулықтары танысты.
Әрбір қызметкерлер еңбек тәртібін сақтауға және ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауға (жұмысқа уақтылы келу, күн ішінде жұмыс тәртібін сақтау ережелерін орындауға міндетті).
Оқу-тәрбие процесі барысында, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы шараларын, ережелерін балаларға түсіндіріп отыру керектігін айтты.
Серуен кезіндегі қауіпсіздік шараларын орындау, балаларға мұқият қарау кездейсоқ жағдайларда болдырмау.

3. Күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, перспективалық жоспарды жаңа 2022-2023 жылға әдістемелік нұсқаулың қоса жіберілгендегі 2023 жылғы 5 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрлігінің) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай етіп жасалғанын әдіскер У. Бекбауова таныстырып өтті. Жаңа оқу жылына әр топтарда кітап бұрышын жасау, ата-аналармен бірлесіп жұмыс қатынаста болу, табиғат бұрышын жаңғыртыру керектігін айтып өтті. Бекітілген жаңа сабақ жоспары, күн тәртібі бойынша педагогтың міндеті балаларды жалықтырмай, мазаламай ол бойынша сұрақтарға жауап беруіне, ойын шығармашылық мүмкіндік беру керек ол үшін балалардың қызығушылығын ескере отырып ойын түрін түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру керек. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді тек топта емес, серуенде, ойын алаңында, күннің бірінші және екінші жартысында өткізу болатынын айтты. Балалардың Үлгілік бағдарламаны меңгеру бойынша жылына үш рет мониторинг жүргізіледі. Мониторинг мақсаты балалардың жетістіктерін қадағалау

балалардың тәрбиелеу мен дамытудағы жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, түзету іс-шараларын жеке жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру. баланың жеке білім бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау болып табылады

Қаулы етілді:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтау жұмыстары жүргізілсін.
2. Күн тәртібі қатаң сақталсын.

НҰРАЙ

меңгеруші [signature] Ажабекова Э.К.

хатшы [signature] Бекбаулова У.А.

# Педагогикалық кеңестің

## №2. Хаттамасы

23 қараша 2022 жыл.

### Күн тәртібінде:

1. Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеу.
2. „Баланың дене бітімінің дұрыс қалыптасуына қимылды ойындардың атқаратын рөлі".
3. „Өз-өзіңді таны" - іскерлік ойын.

Көрме: „Заттың кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру".

1. Тыңдалды: Әдіскер Ү.Бекбаева Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеу туралы айтып өтті.

Балалардың жас ерекшелігін есепке ала отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, серуену т.б., шынықтыру шаралары) мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында түрлі қимылды ойындарды қолдану, жылдық ойындарды көбірек қолдану керектігін айтып өтті.

2. Шағын орталықтың тәрбиешісі М. Алжанова „Баланың дене бітімінің дұрыс қалыптасуында қимылды ойындардың атқаратын рөлі" тақырыбында баяндама оқыды. Ойын - бала үшін оқу, еңбек, ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі, және баланың даму құралы болып табылатынын айтып өтті. Қимылды ойындардың түрлері мен мәні туралы айтып өтті.
Абай атамыздың „Ойын ойнап ән салмай өсер бала бола ма" дегендей баланың бойында ойлау, танымдық, ұйымдастырушылық, шығармашылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз - жаттығу, ол арқылы бала өмірге үйренеді. Ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, мейірімділік, инабаттылық, сезімдерін қалыптастыру.

3. Тәрбиеші Оксигитова Әнур педагогтар арасында „Өз-өзіңді таны" атты тренинг ойынын ұйымдастырды. Ойын мақсаты педагогтар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылту, өзін-өзі бағалауын, шеберліктерін дамыту.

Педагогикалық ұжыммен іскерлік ойынның қағидалары: Басқаларды таңдау, шешімдердің кемелділігі, ойынға белсенді түрде қатысу, сөйлеу мәдениетін сақтау, әдептілікті сақтау, тапсырмаларды орындау.
Ұсынылған ойынды өз араларында талқылап, шеше білу икемдерін дамыту.

4. Балабақша әдіскері Ү.А. Бекбаурова сөз сөйледі.
4. „Заттық кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру" - тақырыбында әр топта көрме қойылды. Көрменің мақсаты - баланың өз бетімен үйрену қабілетін дамытуға оқу құрал ептік жабдықтар мен басқа да көрнекі құралдарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай жолмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарлаған мақсатты іске асыруға ұмтылады. Әр тәрбиешіге үнемі дамытушы ортаны толықтырып, жақсартып отыруға көңіл берді.
Меңгерушісі Э. Ажбенова барлық педагогтарға күн тәртібін қатаң сақтауға, ішкі еңбек тәртібін

сақтауға, нұсқаулық уақытын келуге лауазымдық міндеттерін толық орындауға тиіс екендерін айтып өтті.

Қаулы етілді:

1. Жаңа стандартқа сай барлық топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттер өз деңгейінде өтілсін.

2. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар орындалсын.

НҰРАЙ

Меңгеруші Ажабекова Э.

Хатшы Бейбаурова Ж.

Педагогикалық кеңестің

№3 Хаттамасы.

14 наурыз. 2023 жыл.

Күн тәртібінде.

1. Тақырыпты тексеру қорытындысы.
2. „Көрмеген ортамен танысу" (кітап бұрышын толықтыру.)
3. „Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту" іскерлік ойын.

1. Тыңдалды. Шағын орталықтың әдіскері Ч. Бекбаулова сөз сөйледі. Тақырыпты тексеру қорытындысын айтып өтті. „Көрмеген ортаны зерттеу арқылы баланың сенсорлық дағдыларын дамыту" тақырыбында кіші топтарда тексеру жүргізілді. Мақсаты: балаларға практикалық жаттығулар жасату. арқылы балалардың өз-өзіне қызмет ету, өмірге бейімделу дағдыларын, қолының қозғалыс моторикаларын дамыту.
Сенсорлық тәрбие дегеніміз - бұл түйсік пен қабылдаудың дұрыс бағытта дамуы.
Түйсік пен қабылдауы жас баланың қоршаған дүние жайлы көзқарасы кең, жан-жақты келеді. Сол себепті балаларды жан-жақты үйрету, қоршаған ортамен